

П И О Н Е Р



ДЕКАБРЬ

1949 ЖЫЛ

№ 12



Жамбыл

Өмірдің қайнар бұлақ көзі — Сталин

(«Сталинді сайлаймын» деген
өлеңнен үзінді)

Жүрекке құйылған нұр Сталиннен
Жыр болып төгіледі қызыл тілден,
Сондықтан, ұлы Сталин алады орын
Бір емес, менен шыққан бар өлеңнен.

Өмірдің қайнар бұлақ көзі — Сталин,
Қалың ел қамқоршысы өзі — Сталин,
Бітер ме өлеңге жан, ұшқыр қанат,
Болмаса акындардың сөзі Сталин.

Сәнді өмір, сансыз қызық алуан-алуан,
Зор табыс, ұлы жеңіс жерді жарған.
Атымен Сталиннің аталады
Алып күш жерді жарған, аспанды алған.

Ендеше, күй гүлесе домбырадан,
Ой сергіп, көңіл өрлеп, шырқаса ән.
Бәрінің күш-қуаты Сталиннен,
Онсыз жоқ күйде көрік, өлеңде сән.

Кетпейді көсем көркі көз алдымнан,
Бейнесі бұзылмайтын асқар шыннан,
Халқына күнде бақыт ұсынады,
Алып ол ең қыйыннан, жарып тыңнан.

Жарқ етіп жазған заңы жазғы күндей,
Шыққанда бар әлемді бақытқа үндей,
Қуаттап бір жүз жетпіс миллион халық,
Ту етіп көтереді бірі іркілмей.

Алтын заң қарт ананы, кәрі шалды,
Өрбіген бақытты ұрпақ балаларды
Қуантты, нұрға бөлеп гүлдендірді,
Қайнаған қалаларды, далаларды.





Иосиф Виссарионович СТАЛИН

Сүйікті әкеміз СТАЛИН 70 жасына

Біздің кеменгер көсеміміз, сүйікті әкеміз ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН жетпіс жасқа толды.

СТАЛИН! Біз үшін, жүз миллиондаған совет адамдары үшін бұл есімнен қадірлі, бұл есімнен артық, жүрекке жылы тиетін басқа ешбір нәрсе жоқ. Ұлы көсемнің туған күнін, 21 декабрьді бүкіл совет халқы зор қуанышпен, салтанатпен тойлайды. Бұл күні байтақ Отанымыздың барлық жерінде-қалаларда да, ауылдарда да — барлық совет адамдары заманымыздың асқан ұлы адамы, еңбекші халықтардың данышпан көсемі Иосиф Виссарионовичті туған күнімен құттықтап, біздің бақытымыз үшін, бүкіл прогресшіл адамбаласының бақыты үшін тағы да көп-көп жылдар жасай беріңіз, деген ізгі тілектерін жолдайды оған.

СТАЛИН! Біздің еліміздегі ең ардақты, ең аяулы нәрсенің бәрі де Сталин жолдастың есімімен тығыз байланысты, бәрі де Сталин жолдастың есімімен аталады. Елімізді гүлдендіріп, дүние жүзіндегі ең күшті державаға айналдырған бесжылдық жоспарларды-халық сталиндік бесжылдықтар деп атады. Дүниедегі бірде-бір әділ заң-біздің елдің Конституциясы. Халық оны да Сталиндік Конституция деп атап кетті. Совет летчиктері-сталиндік сұңқарлар, олардың ұзақ сапары-сталиндік маршрут деп аталады. Совет елінің жас ұландары-ұлдары мен қыздары-өздерін Сталин ұрпағымыз деп атайды. Жұмысшылар мен колхозшылар еңбек майданында зор табыстарға жетуге бет бұрып, ерлік еңбек етсе, оны сталиндік вахта деп атайды. Қазіргі біздің ғасырымыздың өзі-сталиндік ғасыр, сталиндік заман деп аталады. Демек Сталин жолдастың есімі — совет адамдарының барлық ағімкіті, ерлік істерінің белгісі.

СТАЛИН! Бұл есім жер жүзі еңбекшілері үшін азаттық пен бақыттың белгісіне айналды. Сталин жолдасты барлық елдердің миллиондаған жұмысшылары мен шаруалары өздерінің ұстазы, деп біледі. Азаттық үшін күресуші халықтар Совет Одағын, Совет Одағы халықтарының ұстазы — ұлы Сталинді берік тірек етеді, олардың бар үміті, болашағы — Сталин!

Иосиф Виссарионович 1879 жылы 21 декабрьде Грузиядағы Гори деген қалада туды. Оның әкесі Виссарион Иванович Джугашвили етікші болған адам. Сталин 1894 жылы Горидегі рухани училищені бітіріп, сол жылы Тифлистегі семинарияға түседі.

Иосиф Виссарионович революциялық қозғалысқа, еңбекші халықтың бақыты жолындағы күреске сол семинарияда оқып жүрген шағында кіріседі.

«Революциялық қозғалысқа, — дейді Сталин жолдас, — мен 15 жасымнан кірістім; бұл кезде мен Закавказьеде тұрған орыс марксистерінің астыртын топтарымен байланыс жасаған едім. Бұл топтар маған үлкен әсер етті және мені марксистік астыртын әдебиетке құнықтырды».

Сталин жолдас революциялық күрестерінің алғашқы кезінде Закавказьедегі жұмысшылар қозғалысына, ондағы марксистік үйірмелерге басшылық етті. Мұнда жүріп ол революцияшылар жұмыстың бірінші мектебінен өтті. Ол бірден-ақ Ленинді жұмысшы табының нағыз көсемі, ұстазы, тау қыраны деп таныды. Ленин жолымен жүрді.

Сталин жолдас Ленинді ең сенімді, табанды шәкірті болды. Ол халық бақыты үшін күресте талай қышқын-қыстау кезенді, қуғын-сүргінді басына көп кешірді. Патша өкметі Сталинді сегіз рет тұтқыға алып, жеті рет қыйыр солтүстікке жер аударды. Жұмысшы табының күресіне жаңа күш-жігермен басшылық ету үшін Сталин жолдас алты рет айдаудан қашып құтылды.

Сталин Ленимен бірге жұмысшы табының берік қамалы — большевиктік партияны құрды. Большевиктік партияның даңқты тарихы Сталин жолдастың есімімен тығыз байланысты. Партия мен Сталин екеуі бір тұтас тұлға. Сталин елу жыл бойы большевиктер партиясын құрыптай шыдап, қатарын нығайтып, атақ-даңқып арттырып келеді.

Сталин Ленимен бірге Россиядағы 1905 жылғы революцияға, Ұлы Октябрь социалистік революциясына тікелей басшылық етті. Россия жұмысшы табы Ленинің және Сталиннің қол басшылығымен жаңа дәуірдің, социализм дәуірінің есігін ашты. Ата-бабаларымыз талай ғасыр бойы аңсаған азаттықты халыққа Ленин мен Сталин өз қолдарымен алып берді.

Азамат соғысы жылдарында партияның Орталық Комитеті және Ленинің өзі Сталинді ең жауапты майдандарға жіберіп отырды. Сталин Ленимен бірге Қызыл Армияны — дүние жүзіндегі бірінші Қызыл Армияны құрды.

Ленин қайтыс болғаннан кейін, Ленин атқарып келген ұшан-теңіз жұмысты партия Сталин жолдасқа жүктеді. 1924 жылғы 26 январьда Сталин жолдас партия атынан, бүкіл халық атынан Ленинің есептерін бұлжытпай орындаймыз, деп ұлы ант берген болатын. Сталин жолдас, большевиктік партиямыз, бүкіл совет халқы бұл ұлы антты аброймен орындап келеді.

Біздің еліміз күшті, бай, алдыңғы қатарлы индустриялы, техникаланған ауыл шаруашылықты елге айналды. Елімізде социализм жеңді. Ғылым мен мәдениет шексіз шыңға көтерілді. Бұл жеңістерге совет халқы біздің данышпан көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдастың данышпандық басшылығы арқасында жетті. Совет халқының барлық жеңістерінің қайнар көзі — Сталин. «Соңғы жылдардың ішінде, — дейді Сергей Миронович Киров, — Лениссіз қызмет істей бастағаннан бері қарай, біздің жұмысымыздағы бірде-бір бетбұрыстың, бірде-бір онша-мұнша ірі бастаманың, ұранның, саясатымыздағы бірде-бір беталыстың авторы Сталин жолдас болмай басқа біреу болған емес. Негізгі жұмыстың күллісі... Сталин жолдастың нұсқаулары бойынша, бастамасы бойынша, соның басшылығымен өтіп отырады».

Сталин — бүгінгі Ленин!

Сталинді Совет Одағы халықтары өз ерлігінің, отанға деген сүйіспеншілігінің, патриотизмінің бейнесі,

деп біледі. «Сталин үшін! Отан үшін!» деген ұранмен даңқты Совет Армиясының жауынгерлері ең залым жау-неміс фашист басқыншыларды талқандап, Берлиннің төбесіне жеңіс туын тікті. «Соғыстың ауыр жылдарында, — дейді В. М. Молотов жолдас, — Қызыл Армияны және совет халқын Совет Одағының данышпан және сыналған көсемі — Ұлы Сталиннің алға бастауы біздің бақытымыз болды».

Сталиннің есімімен бүкіл совет халқы соғыстың зардабын ойдағыдай жойып, коммунизмнің жеңуіне қарай алға басып келеді.


Сталин — большевиктер партиясы.

Сталин — күрестердің ту-тұлғасы.

Сталин — ғасырлардың ән мен жыры.

Сталин — халық өмірінің шұғыласы.

Біздің туған әкеміз, ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталин, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің бақыты мен қуанышы үшін көп-көп жылдар бойы жасай беріңіз!



КӨСЕМ ЕСІМІ

С. МИХАЛКОВ

Кезсек те самолетпен көк аспанды,
Салсақ та нелер жаңа қалаларды,
Жүзсек те қай теңіздің біз өрінде —
Ізгі есім
Әрқашан да бізбен бірге!

Шалкытып шаттық жырын, ән шырқатсан,
Әлде сен ауыр жолда келе жатсан, —
Жалғызбын деме өзінді, екеумін де:
Ізгі есім
Бар емес пе жүрегіңде?!

Жарадар қанды ұрыста болсаң, жаным,
Қалсан сен шенгелінде сұм ажалдың, —

Жаранды қолыңмен бас, жасыңды сұрт,
Ізгі есімді
Қайталап айт естіртіп!

Ескен желмен, өзеннің ағысымен
Жаныңа жәрдем келер сол кісіден.

Батырлық ерлік үшін ұрыстағы
Орденмен омырауыңның келсе сәні —
Сансыз жан кұттықтаса қолың қысып,
Бар деп үк көсем қолы онда да ыстық.

Аударған Мұсафар ӘЛІМБАЕВ.

Ақылшым менің — Сталин

Х. ЕРҒАЛИЕВ

(„Пионер“ журналы жариялаған бәйгіде екінші бәйгі алған өлең).

I

Өттім мен кеше алаңмен,
Яслиге бардым баламмен,
Соң үйді көрген көзімнен
Он есе қуат аламан мен.

Карадым үйге он кіріп,
Шабыттың құсым келтіріп:
Ақылшым отыр яслиде
Құшағын гүлге толтырып.

Күлкісін ол бір бұзбайды,
Сөбиден көзін жазбайды,
Жүзінен соның мың жылыды
Сөби де керек жаздайды.

Он рет кірдім — имендім,
Сөйтсе де тағы үйге ендім,
Болашақ адам жүзіне
Карауды содан үйрендім.

II

Жадағай сөздің досы емен,
Бұл жолы өтпей көшемен,
Ауылға бардым — қарсы алды
Быйығы еккен жас емен.

Шаттығым алды ерікпді,
Басқа ой кенет серпілді;
Ақылшым бейне бақшадан
Жап-жаңа жеткен секілді.

Үлкен бір ұран, көзге ірі,
Ап келді соны көз бері;
Алтын боп жүкқан матаға
Кеппеген тіпті сөздері.

— Жасын түс бояп қартаны,
Жапырақ бүркеп жотаны,
Гүлденсін — депті; — гүлденсін
Советтік адам Отаны!

Жаздырған оны ақылшым,
Сондай-ақ болар ақыл шым!
Шалқыйсын көрсен, бәрі бір —
Дихансын яки ақынсын

Столға жайып даланы,
Өзен, тау сай мен саланы.
Жапанға жапырақ анарды
Нұсқаған соның қаламы.

Келмеді тіпті именгім,
Түзде де шаттық күйге ендім —
Жер — анам байтақ жүзіне
Карауды содан үйрендім.

III

Жұмысқа келдім, жұмысқа,
Жұмысым ұзақ, күн қысқа,
Әрбір күн мені бөлейді
Ерлікке, шаттық тұрмысқа.

Үлесін алмай минутпен
Жан боп па жанын сүйреткен?!
Оны да маған ақылшым
Отыз жыл бойы үйреткен.

Өзінді ұқ, мені тыңда да,
Ежелгі достай мен де, о да;
Жұмысқа келсем, ақылшым
Қарсы алды мені мұнда да.

Міндетті тұрған алдымда
Атқармай қалсам ал мұнда:
Ақылшым кенет жатырқап
Тұрады көздің алдында.

Құрметті немер вахтада,
Газетте, қызыл тақтада
Ақылшым бірге ерлермен
Ильичтің нұрын жамылып

Халықпен тыныс бірге алып,
Халықтың данқын өрге алып
Шығуды солай үйретті ол,
Күн сайын маған зер салып.

VI

Көз салып өткен күндерге,
Сөлт етпей өзге үндерге,
Ильичтің нұрын жамылып
Отырдым талай түндерде.



Отырдым. Бойда күш-жалын.
Алдымда заңым, уставым
Жанымда менің ақылшым —
Данышпан Иосиф Сталин,

Оқыдым ұзақ. Жатпадым;
Ақылшым сөзін жаттадым;
Одан соң көрдім бөлмеде
Бөбегім ұйықтап жатқанын.

Бөбегім ерні бүлкілдеп,
Мен тұрдым жанын білігім көп:
Ұйқыда сөби жымыйса,
Таныдым бейбіт күлкім деп.

Айтылды деме әр сурет,
Мұнын да мәні бар сыр ет:
Бесікте — ұлым ұйқыда,
Үстімде — ояу портрет,

Күн көзі кетсе кешінде
Қалдырмай нұрын ешкімге,
Сталин көзі түнде де
Әке мен бала үстінде.

V

Ол бұрын қолдар жетпеген
Үш парыз маған жүктеген:
Алаңсыз оқып, дем алып,
Алаңсыз еңбек ет деген.

Білімді жастан сімірдім,
Халқыма еңбек сіңірдім,
Бір кезек шығып сапарға,
Басынам астым зеңгірдің —

Мінгенім — көкке ұшатын
Заманым берген жақсы атым,
Бұл сапар бір ай сайрандап
Дем алу болды мақсатым.

Шаттықтан көзім тұнады,
Ақылшым — шаттық тұрағы,
Қай қалаға барсам да ол,
Көтеріп қолын тұрады.

Тұрады дәйім биікте ол —
Бөтерген қолы — биік қол:
Астында саусақтарының
Жосылып нелер жатыр жол.

Күн беріп күллі сезімге,
Сілтеп тұр ұлы кезеңге:
Барлық ой — ізгі мақсатқа,
Барлық жол — коммунизмге!

Совет балаларының өң жақын, өң сүйікті досы

Біздің елдің барлық балаларына өте көзтанғыс бір қадірлі сурет бар. Мойнына қызыл галстук байлағандар ғана емес, бөбектер де ол суретті жақсы біледі. Ол әрбір мектептің, әрбір балалар үйінің, балалар бақшасының төрінде ілулі. Ол — ұлы әкеміз Сталиннің бес-алты жасап қыз баланы құшақтап, көтерін тұрған суреті. Әрбір мектеп оқушысы, әрбір пионер, балалар үйінің, балалар бақшасының әрбір тәрбиеленушісі күн сайын ол суретке құмарта қарайды. Олар мейірімді атаның құшағында өздері тұрғандай болады. Көсем құшағында бақытты кішкентай қыз бала ұлы адамға гүл ұсынып тұр. Бұл гүл — бақытты балалық шақтың, алтын дәуреннің, еліміздің барлық балаларының Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігінің белгісі.

Совет балалары сталиндік қамқорлықтың алтын нұрғына бөленген. Олар үшін, олардың білім алуы үшін, тәрбиеленуі үшін, Отанымыздың ардақты азаматы болып өсуі үшін барлық жағдай жасалған. Біздің жас ұрпақ тамаша сарайларда, кең, жарық мектептерде, әдемі бақшаларда оқып, тәрбиеленеді. Көзіміз біздің елімізде 34 миллион бала оқыйды. Әрбір совет адамы оқуға, білім алуға праволы. Конституцияда, негізгі заңда солай деп жазылған. Ол Конституцияны бізге жасап берген — Ұлы Сталин.

Ұлы көсемдеріміз Маркс, Ленин балаларды өте жақсы көрген. Сондай-ақ, Сталин жолдас та жас ұландарды — еліміздің ұлы мен қыздарын жабындай жақсы көреді, оларға үнемі әкелік қамқорлық жасап, аялап отырады.

Бір украин әйелі былай дейді:

«Менің Инна дейтін жалғыз қызым қатты науқастанды. Жергілікті дәрігерлер еш жәрдем көрсете алмады, тіпті науқасының атын атап, түсін түстеп те бере алмады. Бала ес-түссіз жатты да қойды.

Қатты састым. Ақыры, Сталинге хабар етейін деген ой туды.

«Қымбатты Сталин жолдас, жалғыз қызым әл үстінде жатыр. Аман сақтан қалуыңызды, профессор жіберуіңізді сұраймын», — деп телеграмма жөнелттім.

Кешікпей-ақ: «Сталиннің нұсқауы бойынша Сізге самолетпен дәрігер ұшып кетті» деген жауап алдым.

Менің баламның өмірін аман сақтап қалу үшін көсем дәрігер жіберіңгі! Әрбір совет азаматы — балсы ауырса, балтыры сыздаса, көмекті ең алдымен Сталин жолдастан

күтеді, деген осы-ау, деп ойладым.


Тәжірибелі дәрігер Иннамның кұларына операция жасады. Бірнеше күндей тілсіз жатқан балам тіл қатты, тамақ ішті, бетіне қан жүгірді.

Иннаның төсегінің тұсына мен Сталиннің суретін іліп қойдым, үйімізге келген-кеткен кісінің бәріне Инна суретті көрсетіп:

— Бұл Сталин ата, маған дәрігер жіберген осы кісі — дейді.

Инна көзіміз үш жаста ғана. Ол ертең өсіп, мойнына қызыл галстук таққанда, жолдастарымен бірге:

— Бақытты балалық шағымыз



И. В. Сталин жолдас балалар арасында.
Тушинск аэродромы. 1936 ж.

Сталин туралы

Соғыстың ауыр жылдарында Қызыл Армияны және совет халқының Совет Одағының данышпан және сыналған көсемі — Ұлы Сталиннің алға бастауы біздің бақытымыз болды... Ұлы көсеміміз және ұйымдастырушымыз Сталиннің басшылығымен біз көзір, социалистік қоғамның күштерін мейлінше өркендету және бүкіл дүние жүзіндегі достарымыздың тілектестік үмітін ақтау үшін, бейбіт құрылысқа кірістік.

В. М. МОЛОТОВ.

Адамзат өзінің тарихында көптеген ұлы, данышпан адамдарды тудырды, алайда Ленин мен Сталин ерекше туған жанлар. Олардың ұлылығы тек өз басындық ұлылық емес. Бұл ұлылықтардың тамыры қалың бұқараға кең жайылған, дүниежүзі еңбекші бұқарасының көкейкесті арманымен, мұрадымен ұштасып жатыр.

М. И. КАЛИНИН.

Социал-демократ малайлары, коммунистерді мұқату үшін бізді көбінесе «Сталиншіл» деп атайды, ал біз, коммунистер, Лениннің атына мақтанғанымыздай, бұл ардақты атаққа мақтанамыз. Пролетариат революционерлері үшін нағыз лениншіл, нағыз сталиншіл болудан, Ленин мен Сталиннің ісін адал алға бастырушы болудан артық ағрой жоқ. Коммунистер үшін Ұлы Сталиннің басшылығымен халықаралық пролетариаттың әділ ісінің салтанат құруы жолында күрес жүргізуден артық бақыт жоқ.

Сталиншіл болу барлық адамның қолынан бірдей келе бермейді. Лениншіл-сталиншіл деген ардақты атты алу үшін жұмысшы табының ісіне әуелі большевиктік күреспен, табандылықпен, шексіз берілгендікпен еңбек сіңіру керек.

Г. ДИМИТРОВ.

Адамның аты адам. Сталинді көрген және білетін мына біздер оның ойының тереңдігі мен айқындығына, оның іскерлігіне, оның байыппен алыстан болжарыштығына, оның істі батыл шешкіштігіне, оның қарапайымдылығына таңқаламыз.

Алексей ТОЛСТОЙ.

үшін Ұлы Сталинге рахмет! — дейтін болады».

Міне, Сталин жолдас балаларға осылай қамқорлық жасайды, ол балаларды — біздің болашағымыз, үмітіміз дейді. Адамға деген мұндай қамқорлық тек социализм жеңген біздің елде ғана бар.

Владимир Ильич Ленин атындағы пионерлер ұйымы құрылғаннан бері қарай Сталин жолдас оның жұмысына үнемі назар аударып, бағыт беріп келеді. Жас пионерлер шежіресі Сталин жолдасының есімімен тығыз байланысты.

1924 жылы 20 октябрьде Сталин жолдас «Жас құрылысшылар» журналының жас тілшілері мен пионер тілшілерін қабылдады. Пионерлер Иосиф Виссарионовичке өздерінің пионер отрядтары туралы, балалардың журналдағы жұмысы туралы айтты. Балалар кетерде Иосиф Виссарионович оларға өзінің «Ленин және Ленинизм туралы» деген кітабын сыйлады және кітаптың сыртына былай деп жазып берді:

«Адамбаласының нұр сәулелі болашағын таратушыларға, жас тілшілер мен пионер тілшілерге сәлемімді жолдаймын.

И. Сталин».

Сталин жолдас совет балаларының сабақты жақсы оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып. Отанымыздың ардақты азаматы болып өсуін тілейді. Бұл жөнінде көсем жас достарына көзбе-көз кездескенде, не хат арқылы әкелік ақылын айтып отырады.

1934 жылы 6 январьда «Правда» газетінде Новая Уда селосы пионерлерінің мектеп оқушыларының Сталин жолдасқа жазған хаты жарияланды. Сталин жолдас 1903—1904 жылдары бұл селода айдауда болған. Ол 1904 жылы 5 январьда бұл селодан айдаудан бірінші рет қашып шыққан.

Балалар өздерінің хатында Иосиф Виссарионовичті айдаудан бірінші рет қашып шыққанына 30 жыл толуымен құттықтады. Совет балаларына жасап отырған қамқорлығы үшін олар Ұлы көсемге алғыс айтты. Сонымен қатар Новая Уда балалары өздерінің сабақты қалай оқып жүргендерін жазды.

Олар хатта былай деп бітірді:

«Сүйікті біздің Сталин, жолыққанша сау болыңыз. Қызыл Москваға, өздерінің XVII-съезіне келіп большевиктерге бізден жалынды пионерлік сәлем жолдаңыз. Советтік Сибирьдің балалары оларды бек қатты жақсы көргендігін олар да білсін.

Большевиктердің лениндік ісі үшін күресуге біз ерқашанда дайынбыз».

Новая Уда балалары Сталин жолдасқа еліміздің барлық балаларының партияға деген, Сталин жолдасының өзіне деген сүйіспеншілік сезімін білдірді, олардың бұдан былай да халыққа адал қызмет етеміз деген пионерлік анттың жеткізді.

Иосиф Виссарионович сол жылы март айында Новая Уда пионерлеріне жауап хат жазды.

«Кешігіп жауап қайтарып отырмай кешірім өтінемін. Сіздердің құттықтауларыңыз зор әсер етті. Сау-сәлемат болуларыңа, оқуда және қоғамдық жұмыста табысқа жетулеріңе тілеулеспін. Сіздер оқуды көңілдегідей бітіріп, елімізге хажет қажырлы, білімді қызметкерлер болып шығады деп сенемін.

Мен, Молотов, Ворошилов және Каганович — төртеуіміз сіздерге азырақ сәлемдеме жіберіп отырмыз — бір радиопарат, пластинкаларымен бір патефон. Сіздердің радиоточкаларыңыз енді жақсы жұмыс істер деп ойлаймын.

Сіздерге Молотовтан, Ворошилов және Кагановичтен сәлем.

Өркендерің өсе берсін.

И. Сталин».

Өздерінің ең жақын және ең қымбатты досы Сталин жолдасының сәлемі совет балаларына зор қуаныш болды. Олар көсем айтқан білімді, қажырлы қызметкер болып шығуға ұмтылды.

1935 жылы тәжік қызы пионерка Мамлакат Нахангова мақта жыйнаудың жаңа әдісін қолданғаны үшін Ленин орденімен наградалды. Мамлакат Сталин жолдасымен кездесіп, әңгімелесті.

Иосиф Виссарионович пен кездесуі жөнінде Мамлакат былай дейді:

«4 декабрь күні мен өмір бойы ұмытпаймын. Мен бұл күні Сталин

Жолдасты көрдім. Ол менімен аман-жасты да, күлім:

— Ал, Мамлакат, жақсы оқып жүрсің бе? — деп сұрады. Мен, жақсы оқыймын, — дедім.

Мен Сталин жолдасқа кітап тарту еттім. Бұл оның Ленин туралы тәжік тілінде тұңғыш басылып шыққан шығармалары еді.

Кітапты ол кісіге бергеннен кейін барып, сыртына ешнәрсе жазбағаным кенет есіме түсті.

Мен: — Сталин әке! Кітапты бір минутке маған қайта беріңізші, сыртына сөз жазуды ұмытып кеттім. — дедім.

Сталин жолдас жылы шыраймен күлді де, кітапты маған қайта берді. Мен оның сыртына И. В. Сталин жолдас және Мамлакат Нахангова тәжікше:

«Сталин әке! Мен жақсы оқыймын», деп жаздым да, қолымды қойдым.

Сонан кейін Сталин мені құшақтап, бетімнен сүйді. Өзінің суретін алып, сыртына былай деп жазды:

«Мамлакат Наханговаға. Жақсы оқып, жақсы жұмыс істегені үшін. И. Сталин.»

Сталин жолдастың бұл сөздері де совет елінің барлық балаларына арналған сөз еді. Бұл сөздер — көсемнің сабақты жақсы оқып, әкешешесіне қолқабысын тигізген балаларына риза болып айтқан ата-лық алғысы еді.

Біздің елдің көптеген балалары, жас пионерлері Сталин жолдасты көріп, бірге болып, лебізін тыңдады. Олар Сталин жолдасты көрген, бірге болған күндерін, Мамлакат айтқандай-ақ, өмір бойы ұмытпайтын күніміз деп санайды. Олар келешек өмірге жолдаманы көсемнің өз қолынан алдық, деп мақтанып етеді. — Орынды мақтанып! Сол



көптің бірі — қазақ қызы Роза Шамжапова.

1936 жылы февраль айында еліміздің озат малшылары Кремльдің кең сарайына мәжіліске жыйналды. Бұл мәжіліске жас төлдерді қамқорлыққа алған пионерлер де келген еді. Пионерка Роза сол мәжілісте болып, атақты сауыншы Салиха Оңғарбаева екеуі Сталин жолдасқа қазақ халқының сыйлығы — қазақтың шапаны мен тымағын кигізді.

Сталин жолдастың ұлы есімі совет елінің барлық жас ұландарының жүрегінде. Олардың бар арманы — Ленидей, Сталиней болып өсу. Сондықтан да олар ұлы Лениннің, ұлы Сталиннің өмірін зор сүйіспеншілікпен оқып үйренуде.

Бүгін ұлы ұстазымыз, ұлы досымыз 70 жасқа толған күні совет елінің сан миллиондаған балалары бір дауыспен:

— Халықтардың бақыты үшін, біздің бақытымыз үшін, ұлы Сталин, көп-көп жылдар бойы жасай беріңіз! — дейді.

Сталин туралы

Өз ұстазының және жолдасының өте жігерлік, батылдық қасиеттерін бойына жеткізе сіңірген адам—Иосиф Сталиннің дүниежүзілік мәні барған сайын тоқтаусыз және тез артып барады.

Совет Одағының пролетариаты Ильич ісін адал алға апарушы Сталин және сол сыяқты көсемдері барлығын мақтанып етеді, бұл пролетариат сондықтан бақытты да.

М. ГОРЬКИЙ.

Қызыл Армияны құрушы, оған демберуші және жеңістеріміздің ұйымдастырушысы, пролетар революциясының тактикасы мен стратегиясының заңды орынды авторы — Сталин жөнінде көптеген томдар жазылатын болады.

Совет Одағының халықтары бүкіл Қызыл Армия мен флотымыз Сталинді өздерінің әкесі, әрі досы деп атайды. Мұнда үлкен мән бар. Өйткені Сталин жалпы адамға, оның ішінде, әсіресе әскери адамдарға адал достай, тұған әкедей қамқорлық жасайды.

К. Е. ВОРОШИЛОВ.

Біздің бүкіл ұлы еліміз осыншалық гүлденіп, күдіреті күшті ел болғаны үшін партияның және Сталиннің алдында әрқашан борышты. Халық өзінің көсемі Сталиннің шын жанымен, ерлік ісімен сүйеді.

Михаил ШОЛОХОВ.

Мен 70 жыл бойы көксеген, халықпен бірге ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегідей алқабын таптым.

Бұл бақыт алқабы дегенім — менің Ұлы Совет Отаным, бұл Отанның үстінде адам баласының жүрегін қуандырып, жылындырып Сталин күні, сталиндік шындық, сталиндік ақыл мен қамқорлық нұрланып жарқырауда.

ЖАМБЫЛ.

Совет Одағының жеңіске жетуі және бақытты болуы—оның басылығында дүние жүзілік екі қайраткердің—Ленин мен Сталиннің болуы. Ленин сыяқты, Сталин де өзінің қарапайымдығымен, кішіпейілдігімен, барлық жанға, тіпті елеусіз адамдардың өзіне жылы жүзбен қарауымен ерекше көзге түседі.

Мартин Андерсен НЕКСЕ.

ҰЛЫ ДОСТЫҚ

Адам бұл үйге қанша рет келсе де, оған қайта-қайта келе бергісі келеді де тұрады. Бұл үйден — кешегі бір заманның келмеске кеткен аласапыраны көз алдына елестейді; бұл үйден — бүгінгі шат өмірдің жылы лебі еседі, бұл үйден — ертеңінің шат-шадман салтанат дүбірі естіледі. Сол себепті мұнда келген әр адам үйдің табалдырығын қайта аттап шыққанда бұрынғыдан да анағұрлым ойына-ой, ақылына-ақыл қосылғанын, бойына ізгі қасиет сіңгенін сезеді. Ол енді алысқа құлаш сермей, сеніммен нық баса ілгері тартады.

Бұл үй — сүйікті астанамыз — Москваның қақ ортасындағы атақты Революция алаңында. Оның қызыл қайрат қабырғасына: «В. И. Лениннің музейі» деген сөз гранит әріптермен жазылған. Сіз осы үйдің үлкен емен есігін ашқаныңызда, бағанадан бері құлақ тұндырып келе жатқан шу артыңызда қалады да тұнжыраған тыныштыққа тап боласыз. Мұндағы адамдардың үні аз естіледі. Жоғары көтерілген сайып сол аз дауыстың өзі саябырлап күбірге ұласады. Осылайша нін тірескен адам тізбегі мәр-мәр басқышты аяғын еппен басып үңсіз, әдеппен үлкен залға кіреді. Осы залға кіргеннен кейін әр адам сөз еркін амалсыз жүрекке береді. Енді бұл жерде тек жүрек тіл қатып, зейін ақыл қабылдайды.

... Залға кірген бетте қарсы алдыңызда шағын ағап үйдің әдемі үлгісі тұр. Бұл Ульяновдардың Симбирдегі үйі. Бұл үйде Владимир Ильичтің шәкірт кезінде оқыған кітаптары, ылығй бестік баға қойылған емтихан дәптері, кәмелеттік аттестаты, Симбир гимназиясын бітіргенде алған алтын медалі бар.

Бір келгенімізде біз осы үйдің жанынан бір топ қолөнері училищесінің оқушыларын көрдік. Олар көрмедегі әр затты ынтыға қарайды. «Ойпырмай, Ленин қандай жақсы оқыған», «Оның оқыған кітабы қандай көп еді», «Бері қара, мына жақта көрмегеніміз әлі толып жатыр» деген күбір естіледі, олардың ішінен. Қызыққа батқан балалар бірден-бірге көз салып ілгері жылжығанда, топтан жырылып біреу кейін қайтты. Ол қайта келіп, қойын дәптеріне Лениннің шәкірт кезінде оқыған кітаптарының атын анықтап тұрып жазып алды. Қойын дәптерін қалтасына салып жатып ол:

— Мұның керегі болады, — деді жымыйып.

Музейге келгендер оның ішін бастан аяқ құштарлана аралайды. Бір көргенін қайта-қайта келіп көреді, әр оқыйғаға ой жүгіртіп ұзақ тұрады. Балалық шағынан жақсы таныс және сүйкімді көсемнің бейнесі, му-



В. И. Ленин мен И. В. Сталин Горкида. 1922 ж.

зейдегілерді көргеннен кейін адамға бұрынғысынан да ыстық, мейірімді сыйпатпен жақындай түседі. Ұлы дананың нағыз адамгершілік қасиеттерінің белгісін жеке-жеке көз алдыңнан тізбектеп өткізгенінде бойыңды адалдық билеп, ойың тереңдей, ақылың молаю рухың көтеріле түседі. Адамзаттың бәрі бірден бұл үйге — даналықтың сарқылмас қазынасы деп — келетін себебі, міне осы.

Ақыл іздеген адам әрқашан осында келуі тиіс. Мұнан ол көпті көреді, көп білім алады. Ал, бұрын мұнда болған адам қайталап келсе, ол енді өзіне керегі бар залға тура барады. Бұл залдан ол өзіне тап бүгін қажет нәрсесін алып қайтады. Мұнда кім келсе де, мейлі студент, стахановшы, партия қызметкері, колхозшы, мемлекет қайраткері, мейлі жас пионер болсын, тіпті осы көшеде көрші тұратын адамдар болсын, немесе талай мың километр жол жүріп келген жолаушы болсын — бәрі әлгі қолөнері училищесінің оқушылары сияқты қойын дәптерін толтыра жазып жатқанын көресіз. Ленин музейі ашылған 1936 жылғы 15 майдан бері қарай мұнда талай миллион адам болды. Соның бәрі осылайша өмірден сабақ алды.

Революция даналары — ұлы екі адамның жарастық ұлы достығы, рухани ойы мен тілегінің, іс-әрекетінің бірлігі осы үйден мейлінше айқын көрінеді. ХХ ғасыр — Ленин — Сталин ғасыры — деп өте орынды аталған. Сол ғасырдың таң сәулесінде халық көсемдерінің жарастық достығы басталды. Олар бірін

бірі көзбе-көз көрмей тұрып-ақ таныды, бірін бірі серік, дос деп атайды. Олар сол сырт таныс кезінде-ақ біріне бірі ыстық сезімді бейнесі сөзбен, сағыныш хатпен жеткізеді. Владимир Ильич сүйікті Сталинді жалынды Болхида жігіті деп атап, оның жұмысшы табы мүддесі үшін партия жауларына қасқая қарсы шығуын орасан зор бағалайды. Ал, Иосиф Виссарионович, Кремль курсанттарының кешінде Ленинмен өзінің хат арқылы алғаш рет танысуын еске түсіргенде, Ленинді — революцияның тау қырапы — деп атайды.

Бұл жарасты ұлы достық талай тартыста жауды жапырып тек жеңістен жеңіске шеру тартады. Ленин музейінің залдарындағы мұралардан да осы достық негізгі арқау болып көрінеді. Лениндік «Искра» («Ұшықын») Закавказьеден жазылған нажағайдың оғындай, жаудың өңменінен өтетін, өткір мақаланы басды.

1901 жылдың сентябрінен бастап онда «Искраның» жолын қуған сталиндік «Врззола» («Күрес») газеті шыға бастайды. Музейдің бір залында «Пролетарий» газеті мен «Борьба пролетариата» («Пролетариат күресі») газеті бар. «Пролетарий» газетін Ленин шығарса, «Борьба пролетариата» газетін Сталин шығарып тұрған. Мұндағы бір қайран қаларлық оқыйға: «Борьба пролетариата» Лениндік мақалаларын «Пролетарий» газетінен көшіріп басып отырғанда, «Пролетарий» газеті Сталин мақалаларын «Борьба пролетариата» газетінен көшіріп басып отырған. Енді бір залдан екі ұлы адамның бір бірін алғаш рет ұшыратуын көреміз. Суретші Моравов бұл оқыйғаны тамаша келістіріп бейнелеген. Мұнда Владимир Ильич сағынышты досымен ықластана қол алысып амандасқаннан кейін, столға сәл еңкейе түсіп, сөйлеп тұрған Сталинді, көзінен көзін аудармастан, ұйып тыңдап отыр. Бұл — бірінші орыс революциясының нағыз қызған кезі — 1905 жылдың декабрь күндері еді.

Ленин мен Сталин Финляндияда, Таммерфорста кездесті. Екі дананы табыстырған мақсат бірлігі — жұмысшы табының күшіне қалтқысыз сену еді.

Тарихта өзіне теңдесі болмаған жаңа тұрпатты партияны, құдретті большевиктер партиясын құрған және екі талай тартыстарда оны құрыптай берік шыңдаған революция алыптарының достығы осылайша пығая берді. Осы даңқты және қатерлі жолдардың екі талай кездерінің бәрінде Ленинге өзінің ең адал, ең жақын, ең сенімді серігі — Иосиф Виссарионович ылғый сүйеніш болды, қажырлы көмек көрсетті.

Ленин музейінде кешегі қиын-қыстау күндердің ащы-тұщысын айқын суреттейтін, Ленинді жарқын, ұлы бейнесін өте жақын көрсететін көп баралы мұралар сақталады. Өйткені мемлекетімізді құрған ұлы адам өміріндегі көп оқыйғаны бір

көші-кірімін болса да септестіруге жарарлық мұра болса, ол бізге өте қымбат. Залдың екінші бір жерінде шыны шкафта көнетоз плащ ілулі тұр. Бұл плащты, Орталық Комитеттің 1917 жылғы 10 октябрьдегі тарихи мәжілісінен кейін, Ленин пенжелекпен сыртқа шығып келе жатқанда, көсемнің иығына қамқорлықпен Ф. Э. Дзержинский жапқан еді. Бұл плащты көріп тұрып тозығы жеткен ескі заманды жою үкіміне қол қойылған Петербургтың күзгі ызғырық кеші көз алдына елестейді.

Музейдің бүтіндей бір залы азамат соғысына арналған. Мұнда соғыс академиясының бір топ оқушылары Ленинді сол кездегі пікірлерін көшіріп жазып жатқанын көресіз. Олар азамат соғысының майдандары көрсетілген карталарды, Ленинді Сталинді жіберген жерлерін қарап ұзақ тұрады. Соғыс ғылымының тереңіне үңіле көз жібереді...

Келушілер музейді аралап жүріп ұлы екі адамның арасындағы шын достығына, олардың бір-біріне жанапшыр қамқорлығына қатты сүйсінеді. Ол достық тіпті Сталиндің майданнан жазған мәлімдемелерінің өзінен білініп тұрады. Оның Царицыннан жазған хаты былайша: «Аға жолдасымыз, сүйікті Ленинге жалынды сәлем» деп басталады. Ал екінші бір хатының сөзі: «Қымбатты, әрі сүйікті Ильичімнің қолын қыстым» деп аяқталады.

Ленин де Сталинге осылайша жауап қайырады. Маңызды мәселелер шешуге келгенде, Ленин арқашан Сталиндің пікірін білгісі келеді. Міне, Ленинді Брест-Литовскідегі совет бітім делегациясына берген телеграммасы: «Сіздердің сауалдарыңызға жауап беруден бұрын, Сталинмен ақылдасуым керек еді менің». Міне тағы бір телеграммасы: «Сталин жаңа ғана келді, екеуіміз ақылдасып сіздерге көзір бірге жауап береміз. Ленин».



В. И. Ленин мен И. В. Сталиндің Таммерфорсте 1905 жылы тұңғыш кездесуі. Суретті салған И. Вепхадзе.

Димир Ильич, 1921 жылдың қысы және жазы Сталин ауырып жатқанда, өзінің сүйікті досы-дал серігіне жылы мейіріммен қамқорлық жасау Ленин Орджоникидзеге берген телеграммасында алдымен: Сталиннің денсаулығы қандай, соны білуіңізді өтінемін...» деп сұрайды. Бірнеше күн өтпей оған тағы да: «Сталинді емдеуші дәрігердің фамилиясын және адресін білдіріңіз» деп өтінеді. Ал оған кейінгі жазған бір хатында Ленин: «Сталин тұрғаннан кейін (оны оятпаңыздар) оған, менің сағат 11 деп комиссияда (өзімде) болатынымды айтыңыздар және маған Сталиннің (егер Сталин бір жерге кетсе) телефонының номерін білдірулеріңізді сұраймын, менің онымен телефон арқылы сөйлесуім керек». Тағы бірнеше күн өтпей: «Менің Сталинмен жолығуым керек екенін ертең есіме салыңыз және оның алдында мені телефон арқылы Обухпен (Сталинді емдеуші дәрігер) жалғастырыңыз» дейді.

Осы қысқа жазулардың өзінен жүрек жылытар мейірімнің ыстық лебі білінеді. Олардан Ленин мен Сталин арасындағы достықтың терең маңнасы ұғылады. Біз олардың бірлесіп жазған еңбектерін көреміз. Музейде көсемдердің көп қол жазбалары сақталған. Онда екі көсемнің, біріне бірі өте ұқсас, жазулары араласып келеді. Сол жазылғандардың бәрінде ұлы

екі адамның үлкен саяси және халық шаруашылығы оқыйғалары жөніндегі пікірлері ғажайып дәлме-дәл бір жерден шығып отырады. Мысалға: ГОЭЛРО (Россианы электрлендіру жөніндегі мемлекеттік комиссия) жоснары жөніндегі пікірлерін аласақ та жеткілікті. Мұның бәрін көргеннен кейін ұлы екі адамның пролетариат революциясының жеңісі жолында, совет мемлекетін баянды ету жолында ширек ғасыр бойы бірлесіп еңірген кесек еңбегі біздің көз алдымызға келеді. Мұнымен қоса ұсақ-түйектерден де, өз ара жолдастық қайырымнан, қамқорлықтан да ұлы екі адамның бірін-бірі жанымен сүйгенін, біріне бірі жан серік болғанын бірін бірі аса құрметтегенін көреміз.

Ленин музейінде болған адамның ақыл-зейіні міне осылайша байып шығады. Ол мұнан «адам күшінің қолбасшысына» айналған дана шығармаларды бірінші рет көреді. Сонда ол, барлық жолдар коммунизмге апаратын өз ғасырының құдіретті дүбірін естиді.

Ертеңгі таң салқынымен қарт Кремльдің аспанмен тілдескен мұнаралары бой тастағанда, әрбір совет адамы Ленин ісін асқан қайратпен ілгері апарушы ұлы адамға ішінен апт бере іске кіріседі. Ол ұлы адамды француз жазушысы «Сталин — бүгінгі Ленин» деп дәл және күшті айтқан.

Б. ГАЛИЧ.

ЗАМАНЫҢ КӨРЕГЕНІ

Ә. ЖАНГЕЛДИН.

Халықтарымыздың кеменгер көсемі, ұлы қамқоршымыз Сталинмен алғашқы кездескенімді еске түсірсем көз алдыма октябрь революциясының қаһарлы, қиын күндері келеді.

Россияның кеңбайтақ даласын жанартқан, өшпес бақытқа, пұрға бөлеген сол кісінің даналық басшылығы. Оның көрегендік нұсқауы октябрь революциясы күндерінде талай табысқа жеткізді, араны ашқан талай жаудан елімізді қорғап қалды. Ол бізді жеңістен жеңіске бастап келеді. Социалистік құрылысымызды да кемеліне келтіріп гүлдендірген сол кісі. Ұлы Отан соғысында ұлы жеңіске жеткізген де сол кісі.

Кеменгер көсемнің адамға, қарапайым адамға деген қамқорлығын көрген мың миллиондардың бірі мен. Сол жайында ұрпақтарыма есте қалған бір әңгіме айтып бергім келеді.

... Қалың қапастықты қақ жарып шыққан күндей жарқ еткен революцияның алғашқы күндері еді. Революцияның жаулары жас совет өкметін құлатуға жан таласып жатты. Қазак даласын қауыптың кара бұлты басты.

Халықтарымыз жас мемлекетін сақтап қалуға аттанды. Бұл жана күштің жүрегі — Орталық Партия Комитеті, Ленин мен Сталин болды. Кеменгер екі алып отанның басқа аймақтарымен бірге қазак дала-

сын да жаулардың улы тырнағынан сақтап қалуды алдын ала қарастырды.

1917 жылы ноябрь айының орта кезінде Лениннен тікелей тапсырма алып Торғай облысының төтенше комиссары болып белгілендім. Осы кездерді әрдайым еске салатын менде бір тамаша документ бар. Бұл документ Ленин мен Сталиннің қолы қойылып берілген мандат еді. Даладың бостандық есігінің кілтіндей сол документ менде әлі сақтаулы.

Торғайға жүрер алдымда Сталин жолдас жалпы міндетімді түсіндіріп өтті де, аталық қамқорлықпен, мейіріммен:

— Сақ болғайсыз, — дегенді айтты.

Содан кейін:

— Самарадағы Куйбышевке соғыңыз. Керек болған жағдайда сол кісіден көмек алып тұрыңыз, — деді. Мен Самараға келгенде Торғай облысының орталығы Орынборды ақтар алып та қойған екен.

— Ендігі жағдай қалай болмақ? — деп Куйбышевтен ақыл сұрадым.

— Күресу керек. Жаудан Орынборды азат ету керек.

— Әскер қайда?

— Революцияның әскерін қайда деп сұрамаңыз. Ол барлық жерде ғой, ағаш ішінде, тауда, қалада, Орынбордың өзінде, Еділ, Жайықтың бойында, Тор-

ғайдың жайқын даласында. Қысқасы халық қайда болса, әскер сонда, — деп күлді ол.

Куйбышевтің нақты нұсқауымен іске кірістік. Уфаға—мен, Бузулукке—Павлов барып әскер жақтадық. Ленин мен Сталин есімі — халықтың ұйытқысы болды. Октябрь революциясының жеңісін қорғау — еңбекші елдің көкей кесті арманы екені айқын көрінді. Жұрт қызыл ту астына топталды. Импералистік соғыстан жаңа қайтқан әскерлерді қайта құрастырып, құралдандырып, декабрь ішінде Орынборға жақындадық. Данышпан Ленин мен Сталин аз отрядтың жеңісін қамтамасыз етті. Бізге Баси теңізшілерінен 600 матрос қосты. Бұл күшті қай уақытта дайындап қойғанын өз басым білмей де қалдым.

Әскеріміз күн санап көбейе берді. Халық бізді азық-түлікпен, көлікпен, құрал-жарақпен жабықтады. 18 жылы январьда Орынбор жаудан азат етілді.

Осының артында мынадай бір оқиға болды. Ақтөбеден керекұлаш қаулы алып біреу келді. Бұл қаулы бойынша менің орныма осы келген адам тағайындалыпты. Ол келісімен орынды босат дегенді айтты. *

Бұл нағыз аласаңран кез еді. Большевиктерге қас түрлі буржуазиялық партиялардың жанталасып жатқан кезі болатын. Олардың кейбір агенттері біздің арамсызға етіп алып та қырсығын тигізетін. Сондай бір оқиға болама деген сақтықпен Москвамен тікелей байланыс жасауыма тура келді.

Мен, міне почтада, Москвамен тікелей байланыс жасайтын телефон алдындамын.

— Алло, — деймін, трубканы қолыма алып.

Телефоннан біреу жауап қатты.

— Маған Сталин керек еді.

— Бұл қайдан? — деген бағу сабырлы үн естілді.

— Орынбордан, Жангелдин.

— Телефон тыңдап тұрған — іздеген кісініз. Не хал? — деді ұлы адам.

Мен болған жағдайды айттым.

— Жақсы, он минуттей аялданыз.

Он минут өтпей-ақ телефон қайта шылдырады.


— Сталин сөйлеп тұр. Тыңдап тұрған кім?

— Жангелдин, Сталин жолдас.

— Сізге барған алам да, оны жіберушілер де біз үшін күмәнді. Сіз, Жангелдин Торғай облысына қапа емес, Өлкелік қазақ даласына төтенше комиссарсыз, Ленин осыны ұйғарып отыр. Алаңдамай, ісіңізді ұқыпты жүргізе беріңіз, — деді.

Көреген көсемнің ауызба-ауыз берген бұл басшылығы менің кеудемде сақталды.

...1918 жылдың жаз ортасында ақтар орталықтан Түркістан өлкесінің жолын кесіп тастады. Біздің аламызға Түркістан жақта қалған совет әскерлеріне оқ



И. В. Сталин және Ә. Жангелдин.
Суретті салған Қазақ ССР-нің халық суретшісі Ә. Қастеев.

жеткізіп беру міндеті қойылды. Самарадан тиелген бір кеме жүк күзетші әскерімен Саратовқа қарай жылжыды. Бұл, август айының бас кезі еді. Саратовтан арғы су жолымыз жаудың қолында қалды. Ойға алған портымызды ағылшындар алып қойды. Астрахань ақтардың қолында, қайта қайтуға болмады. Царицынды қорғауды басқаруға келген Сталинге жетіп, кеңес сұрауым керек болды. Саратов пен Царицынның арасында да Еділ бойын бақылаған ақтардың шашыранды отрядтары тұрты. Кеме капитанының іскерлігі арқасында жау көзіне түспей Царицынге жеттік. Тиісті адамдардың көмегімен мен Сталинді іздедім.

Сынған вагонды жөндеп жатқан адамдар винтовкаларымен кезеңіп, бізді қоршап алды. Осы кезде құрылыс басшысы келді. Ол коменданттың кісісін қайтарып, өзі ертіп депоға алып барды. Сол жерден қайтағы рұқсат қағаз алып Сталин жолдасының арнаулы вагонына бардым.


Сталин жолдас мені көлтен таныс адамдай жайдары жүзбен, асқан бір жылылықпен қарсы алды. Жағдайды өз халымды сұрады. Алда не істеуім керек екендігіне нақты нұсқау берді. Сол нұсқауды жүзеге асыра отырып, торғай даласын жаудан азат ету жолының кең өрістеттік.


Жер жүзі еңбекшілері көсемнің дидарын көрген бұл бақытты күн есімде қалды. Бұл кездесуге бір неше жыл өтсе де, дәл кеше ғана болғандай көз алдымда жарқын нұры тұрады.




СТАЛИН —
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ
БАҚЫТЫ.
ОЛ — БҮГҮНГІ
ЛЕНИН.

қаралы мәжлісінде Сталин жо
қарашығындай сақтауға ұлы
рибе алаңында жана шыққан
гкен күрес тарихымызда ұлы
ҮІІ-төтенше съезінде ССРО
тарында. Отанымыздың басын





1. Сталин жолдастың рухани училищедә оқып жүрген кезінен. Сурет бізге
 2. Сталин жолдастың айдан айдаудан қашқан кездерінің бірі.
 3. Сталин мен Сталин Смольныйға келе жатыр. Олар ұлы Октябрь соци-
 4. Сталин революциясының жеңісін ұйымдастырып, соған дем берді.
 5. Сталин соғысы жылдарында. Бұл даңқты жылдарда Ленин мен Сталин
 бірлесіп жұмыс істеді. Олар Қызыл Армияны құрып нығайтты.
 6. Сталин қайтыс болған қаралы күндерде. Советтердің Бүкілодақтық II-съезі
 7. Сталин большевиктер партиясы атынан, халық атынан Ленин өсиетін көздің
 алдында оқыды. 8. Сталин, Орджоникидзе, Каганович жолдастар НАТИ-дың тәж-
 9. Сталин рды қарап тұр. Сталиндік бесжылдықтар еліміздің бейнесін бүтіндей өзгер-
 болғанын біз жақсы білеміз.
 10. Сталин жолдас Советтердің Бүкілодақтық I съезінде
 11. Сталин конституциясы туралы баяндама жасап тұр.
 12. Сталин Отан соғысы жыл-
 13. Сталин мықтың қара бұлғы төнген бұл қатерлі жылдарда кеменгер Сталин халқы-
 мызды жеңіске бастап, неміс-фашист басқыншыларды талқандауды
 ұйымдастырды және басшылық етті.
 14. Біздің Отан Ұраны.
 15. Халқы-
 мыздың күні-көсемі Сталин елімізді бейбіт еңбекпен гүлдендіріп
 коммунизмге бастап келеді.



Сапар болсын



Н. БОБРОВ

Аэродром әп-сәтте жым-жырт болды. Парад басталды. Отанқорғау халық комиссары Ворошиловтың құттықтауына ұшқыштар бір кісідей үн қосып жауап берді. Климент Ефремовичпен бірге Сталин, Орджоникидзе жолдастар келе жатты. Климент Ефремович кейбір ұшқыштардың қасына келіп тоқтайды, олармен әрқайсысының фамилиясын атап сөйлесіп, қысқана пікірлеседі. Жүрегі алып ұшып Валерий тұр. Ол қолын шлеміне апарып, Сталинге көз алмастан қарайды. Көсемнің байсалды жүрісін, сәл күлімсіреген көзін көрді ол. Сталин жолдас сапты аралай, жауынгерлерді құттықтап, оң қолын көтеріп келеді.

«Ол кісі мұнда да келер ме екен» деп ойлады кенет Валерий. Демін ішіне тартып, самолетті сыннан өткізетін ұшулар кезіндегідей ішкі дүниесіне тастай түйілген бір жыйнақылық пайда болғанын сөзінді ол.

Валерий кеудесін кере, қасқыя тұрды. Шынында да Сталин мен Ворошилов жақындап қалды. Аздап соң олар мұның алдына келіп тоқтады. Оларға шаңқай түсті күні бір бүйірлей түсіп, нұрын құяды. Иосиф Виссарионович, Чкаловпен амандық білісті. Әңгіме де басталып кетті, осы әңгіме үстінде Сталинді бірінші рет қана көріп отырған сыяқтанбай, екеуі баяғыдан ашына адамдай боп сезілді оған. Осынау ұлы адамның қарапайымдылықтан туған сүйкімді жылы жүзі Валерийді билеп алды.

Ол Сталин жолдасқа жауапты мүмкін болғанша дәл және қысқа қайыруға тырысып бақты.

Иосиф Виссарионович пилоттың қайырған жауаптарып байыппен тыңдап, оған зер салып қарауда болды.

— Сіз ұшқанда неге парашют алмайсыз, тегінде, машинаны сақтап қалуды көздейсіз бе? — деп сұрады ол.

— Самолет бұйымы қымбат қой, Сталин жолдас, — деп жауап берді Чкалов, — мен аса бағалы, сыннан өтетін машиналармен ұшамын. Соларды бүлдіргім келмейді. Машинаны, сонымен бірге өзімді де сақтамақ боламын. Сынау кезінде барлық ой машинаны білуге түйіледі...

Сөзге сәл уақыт толас туды.

— Мен парашютті оңды-ақ көремін, — деп са-

бақтады өз сөзін Чкалов, — өйтседе соны алмай-ақ қоюды қалаймын.

«Оңды-ақ көремін» деген сөзді ол Нижнегордтықтарша «О» әрпін нәштей, жуан тауысқа салып айтты. Жұрттың бәрі күліп жіберді. Сталин жолдас та күлімсіреді. Ол Чкаловқа бұрынғыдан да жақынырақ келіп, мейлінше қарапайымдылықпен шешіле сөйледі, бұл сөз пилот жүрегіне тағы да шалқытып әкетті. Ол кісі ұшқанда әрдайым парашют алыңыз, егер аспан әлемінде машина әлде нендей күйге түссе, өз өміріңізді сақтаңыз дегенді айтты.

— Сіздің өміріңіз бізге қандай машинадан болса да қымбат, — деп бітірді сөзін Сталин жолдас, қонымды шлем шырай берген Чкаловтың дөңгелек жүзіне қадала қарап.

Бұл сөз Валерийді қатты толғандырды. Айналасының бәрі оның көз алдында демде өзгеріп, басқа бір күйге, бұрынғыдан әлде қайда әсерлі, мағнасы өзгеше әсем күйге бөленгендей болып кетті. Осынау лебіз, бір емес-ау, бірнеше естілгендей болған жүрекке жылы лебіз, сүйсіне қысқан қол көз алдынан кетер емес.

Адам өмірі машинадан қымбат дейді! Ол ұшқалы он екі жыл болыпты-айтуға ғана оңай! Аспан әлемінде нендей қыйын кездерге тап болмады ол, сонда да осы сөз туралы ойлап көрді ме екен! Ал шынында оның өмірі оснау ғажайып машинадан қымбат көінеді... Мұндай құрметке бөленерлік ол не істеген? Бұрын бұл жайында ешкімнің айтпауы қалай?... Егер нақ кәзір саптан кетіп қалуға мүмкін болса әйелі мен баласына жүгірген болар еді ол, дәл бүгіннің ішінде барлық достарын да аралап шығар еді, тәтті минуттарда көргендерін, әрбір болмашы қыймылды, емеурінді бүге шігесіне дейін қалдырмай баяндар еді. Өйткені жүрегіне бәрі де сайрап тұр.

* * *

ВК(б)П Орталық Комитетінің июннің бас кезінде өткен мәжілістерінің бірінде авиация апатын болдырмау жайында мәселе қаралды.

Авиация командирлерінің бірі ретінде мәжіліске шақырылған Чкалов пен Байдуков (Беляков ол күні Москвада жоқ болатын) үзіліс кезінде Орджоникидзе жолдастың қасына келіп, өздері ұсынған жобаға ол кісілердің қалай қарайтындықтарын сұрады.

Серго мейрімді жүзбен көз тастап, оларды сақтағыра сөйледі.

Чкалов атты кітаптан үзінді

— Отырғыларыңыз көлмейді, үнемі ұша берсем дейсіздер. Машинаны жақсылап қарап шығу керек.

— Машина сыннан өткен, тіпті бүгін ұшуға да болады... — деді Чкалов.

— Жарайды, — деді Орджоникидзе ана екеуінің тықыршып тұрғанына мыйығынан күліп, — мен сіздерді Сталин жолдаспен жолықтырайын. Ол кісі не дер екен...

Кенет, есік ашылды да, Сталин жолдас кіріп келді. Ол ұшқыштардың қолын қатты қысып амандасты да, күлімсіреп:

— Я не? Қапдай тілегіңіз бар, Чкалов жолдас? — деп сұрады.

— Солтүстік полюсқа ұшуға сізден рұқсат сұраймыз, Иосиф Виссарионович, — деді Чкалов.

Дәл осы кезде Молотов пен Ворошилов жолдастар келді.

— Мына жігіттер солтүстік полюсқа ұшқылары келеді, — деді Серго оларға бұрылып.

Сөз бір минуттей толас тапты. Кездесуден көңілдері алып ұшып тұрған ұшқыштар Сталин жолдасын жауабын күтуде. Полюсқа сапар шегуге ол кісі рұқсат бере ме? Бұл жауапты әрі құрметті міндетті оларға сенім тапсыра ма, жоқ па? Күтпеген жерде болмайды десе қайтпек?..

— Бірден Солтүстік Полюсқа ұшу шарт па екен? — деді Сталин жолдас, — ұшқыштарға әрқашан да қорқыныш жоқ сыяқты көрінеді де тұрады, қауыпқа бойларыңыз үйреніп алған. Орынсыз тәуекел не ұшпа қажет?

— Жақсы машина, жақсы мотор барда, қауып деген аз ғой, Сталин жолдас, — деп Чкалов өз қалауын қорғады.

Сталин ұшқыштарды әзіл сөзбен аздап қағытып өтті де, артына байыпты қалыпқа көшіп, ең алдымен Солтүстік полюсқа ұшудың жағдайын, егжей-тегжейіне жетіп, жақсылап зерттеу керек екендігін тү-



И. В. Сталин жолдасын Чкаловпен кездесуі. Щелковск аэродромы 1936 ж.

сіндірді. Онда көзді әбден жеткізіп ұшу керек... Ал әзірше өзіміздің осы одақтың ұлан байтақ аймағын шарлауға болады, сол өз жерімізде-ақ өте алысқа қымын сапар шегуге болады дегенді айтты.

Сталин аз үнсіз тұрып, ұшқыштарға зер сала қарады.

— Міне сіздерге ұшудың маршруті: Москвадан Камчаткадағы Петропавлскіге сапар шегіңіздер.

Алғашқы сәтте ұшқыштар тіпті абыржып қалды. Олардың өп бойын ағып биледі. Ұшады олар! Өте табылған маршрут және таңғажайып дәл белгіленген маршрут. Ой назары, уақыты барлық дүние жүзі ісіне жұмсалған адам олардың ұсынысын нақ осылайша ойлап шешті. Ұшқыштар алдына ол қойған бұл міндет Отанымыз үшін күнделікті өмірлік аса зор маңызы бар еді.

Кең жауырынды, кесек денелі Валерий аяғын матросша қойып тұрғанды. Дереву құлшына қолын ұсынды ол. Сталин оның қолын қатты қысты.

— Сапар оң болсын, жолдастар!

Көсем туралы күй

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Сталинград... Осы бір шақта бүкіл дүние жүзіндегі адам баласының назары Еділ жағасындағы қаһарман қалаға түсіп еді. Толқынды Еділдің жағасында қабатын қарыс түйген бұл қала темір сауытты, көк болағ

жамылған зұлым жауға кеудесін тосты. Айуандық пен зұлымдыққа қарсы күші мен ойын жұмсап, адамдықты ардақтап, мәдениет пен салтанатты, достық пен махаббатты сүйген, ізгілікті, болашақты құр-

меттеген адам баласы зор үмітін бсы қала үшін болып жатқан кескілескен қан төгіс ұрыстың ақырғы сағатынан — совет солдаттарының жеңісінен күткендей еді.

Бұл күндері әрбір сауатты азаматтың столы үстінде Сталинград картасы жаюлы жатты. Майдандағы, немесе тылдағы әрбір офицер мен солдаттың, заводтағы жұмысшының, кен іздеген инженердің, отардағы малшының, Солтүстік мұз мұхиты мен дүлей Тайга ормандарындағы аңшы мен зерттеушінің, немесе теңізде жүрген балықшының, егінші колхозшының, сахнаға шыққан әнші мен күйшінің қойып-қонышында, жанқалтасында, сумкасында, планшетінде, қолтығында Сталинградтың картасы жүрді. Олар қол босаған кезінде осы картаның бетіне демін ішіне тартып үңілетін, майданнан берілген әрбір хабардан соң қызыл қарандашын қолына алып, бетіне белгілер салатын. Карта бетіне қызыл, қара сызықтар жүргізіп, әлде нені асыға күткендей аңырып отырғандар бұл күндері көп болатын.

Бұл күндері бұрын географиядан хабары жоқтардың өзі де картаға үңілгіш болып алды.

Дина кроватиның бас жағында да үлкен карта ілулі тұр. Сталинград қаласының төңрегін қызыл қарандашпен жартылай дөңгелектеп сызып қойған. Асан Динаға хат оқып отыр. Хат оқылып болған кезде, не түсіндің дегендей Дина Асанға қарады.

— Сталинград түбіндегі жау әскерін қоршап келеміз депті...

— Енді жақын күнде анау қызыл сызықтың басын қосып қоюға болады ғой. — деді Дина.

— Кәзір-ақ қосып қоямыз. — деді Асан мына хаттың жазылғанына көп болды. Ендігі түгел қоршанды ғой.

Асан қалтасынан қызыл қарандаш алып, Динаға ұсынды. Дина қарандашты алды да, жарты дөңгелек сызықтың екі басын бір-біріне қосып қойды.

— Ал, хатты басынан қайта оқы!

«Ана!

Сталинград қаласын қорғаушылардың бірімін. Бұл жерде азамат соғысы жылдарында Сталин жолдас болған. Кәзір, Сталин жолдастың өзі жасаған жоспармен соғысып, жауды қоршап келеміз. Гитлер армиясының қарасын осы жерде батыратын шығармыз».

Хат осыған жеткен кезде «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, сөйлеп тұрған Москва, маңызды хабар береміз» деген радионың саңқылдаған айбынды үні бөліп жіберді. Хат аяқталып оқылмай қалды.

— Жоғарғы бас қолбасшының Дон майданы әскерлеріне бұйрығы...

Бұл хабар Дина құлағына оның сүйікті баласы Хажкен хатының жалғасы сыяқты болып естілді.

— Түсіндіңіз бе? — деді Асан, Динаға қарап.

— Қоршау ғана емес, қоршаудағы жау әскерлерін жойып та үлгерген. Менің түсінгенім сол. Бұл бұй-

рықты Сталин жолдас жазған. Ол жауынгер әскерлерін құттықтап, алғыс айтқан.

— Сізге үгітшінің керегі жоқ екен. — деді Асан.

— Маған үгітші керек. Бірақ, мынадай анық, қысқа, құлаққа жағымды, жүрекке жылы сөзді, өзімде ұғамын. Сен маған мынаны түсіндірші. Сталин жолдас ғой, «Дон майданының әскерлерін құттықтаймын. Жауынгерлеріне... алғыс жариялаймын» деді. Осы құттықтау біздің Хажкенге де айтылды ма, сол алғысты ол да алды ма?

— Әрине, алды, шеше, — деді Асан, бағанадан бері қолына ұстап отырған, оқып аяқталмаған хатты стол үстіне қоя беріп, — ол сол Сталинград майданындағы әскерде болғандықтан, Сталин сөзі сондағылардың бәріне айтылған.

— Біздің Хажкен данышпап жәсемнің алғысын алды де, ол онда тіптеп жақсы жігіт болғаны ғой. — деп күліп қойды.

Осындай бір жүрек толқытқан қуаныш үстінде Дина не істерін білмей, қолын қасында сүйеулі тұрған домбырасына созып барды да, қайтадан жайша отыра берді. Осындай бір аз тыныстаған ойлы минуттердің өзінде әлде қандай бір тәтті үн, сүйкімді саздың, тіпті бір келелі күйдің желісі жатқандай көрінеді. Дина өңіндегі, ойлы кескініндегі осындай байсалды ойдың ізін сезген Асан қыймылсыз отырды.

Асан өзінің осы жерде отырғанын да сездірмеуге тырысқан адамдай, орындықта сол жағына аз кем қыйсайған қалпында, қолымен маңдайын сүйеп, жерге қарай берді. Оқылмай қалған Хажкен хатын есіне түсірейін деп ойлады да, ана қыялын бұзуға батылы жетпей, немесе жерлесінің ойлы қыялының өзегін үзіп жіберуді орынсыз көрді.

Бұдан соң да біраз күйлер тартылды, талай көңілді әңгімелер де айтылды.

Сталинград түбіндегі Совет Армиясының бүгіз дүние жүзін таңдандырған жеңісі күнгі Дина үйіндегі кеш осылай тарап еді.

Бұл кешке Динаның жас қонақтары, шәкірті Асан риза болғанмен, өзінің көңілі толған жоқ. Әлде-несі жетпей жатқандай көрінді Динаға. Адал ниетті, жақсы тілектегі бүкіл адам баласын қуантқан ұлы күннің жеңісіне, бұрын көп айтылған әңгіме мен талай тартылған күйді ғана арнап, кешті сонымен ғана өткізуі ана көңілін қызығымен толтыра алмады...

... Қысқы кеш. Бұл — Дина үйінде жас қонақтар — музыка мектебінің оқушылары келіп, кеткен кештің соңы еді. Дина тұратын бөлмеде екі-ақ адам отыр. Бұл Дина мен Айжан. Айжан достарымен бірге кетпек болғанда, Динаның өзі: «қайда барасын, бүгін менің қасымда боп, арқамды жылтып жат» деген. Айжан бір жағынан өзін жақсы көретін шешенің сөзін қыймай, екіншіден достарынан қалғысы келмей, біраз қыйналып тұрды да, қалып қойды.

Домбыра тарту тоқталып, әңгіме бітіп, қонақтар кетісімен үй іші тым-тырыс болды. Үй адамдары да егінші бөлмеге кетті. Аз өтпей-ақ Айжанға Дина ба-

сында отыра беру тым-ақ көңіліз жәрінді. Тартылған күй, айтылған әңгіме жоқ. Айжан әлде болса жолдастарымнан қалмайын деп ойлап, онысын Динаға айтқысы келіп, бетіне қарап еді, ана тым түйік, ойлы отыр екен, маңдайының әжімдері жыйырылып, қабағы жабылып, қасы қоюлана түскен. Ұзақ бір ойға кеткен Динаға Айжан көңілдегісін айта алмады. Бар болғаны жап-жағына, сыртын ашпак кырау басқан терезеге қарай берді.

Февральдің қылаулы, кейде тұманды бұлыңғыр кеші түн болғанда шымырқау ғана аязға айналушы еді. Осы күн кеш алдында ғана кенет өзгеріп, ызғырық желі бар, аязды ашық түнге айналған. Терезе тұсында ызыңдаған, кейде баяу, кейде қатты дыбысты Айжан анық естіп отыр. Ол енді жолдастарынан қалып қойғанын, кете алмайтындығын білді де, кітаптарын алып, алдына нота жазған аққараз бетіндегі нота жазуларына көп үңіліп, әлде нелерді көшіріп жазып жатты. Жіп-жіңішке бірақ тым салалы ақ саусақтары майысып, екінші бір қағаздың бетіне нотаның өрнегін салды. Осы көшіріп жазғанын ойнап көрейін деп скрипкасын қарап еді, оны әлгі жолдастарының бірі алып кеткен екен.

Айжан қағаздарын жыйнап жатқанда, Дина домбырасын алды. Көңілсіз тыныштықты жапы сүймейтін Айжан ананың бұл қыймылына шын қуанып қалды. Жалғыз өзі отырып бір күй тыңдап алайын дегендей көзі күліп, орнынан тұрды да Динаның сол жағына жақын барып отырды. Ондағы ойы сол жағында отырып, домбыра ішегін қаққан қолына қарау еді. Ол әлгіде ғана оң жағына отырып, перне басқан саусақтарына қарап отырған.

Айжан Динаның айтқан бір сөзін естіп қалған. Онда Дина сөз арасында, Құрманғазының шеберлігін, білгіш, сезгіштігін айта отырып:

— Күйшінің екі қолы бірдей епті, сезгіш, шебер бола бермейді. Құрақеннің сол қолы шебер, епсекті еді. Менің оң қолым ғапа шапшаң, ыңғайлы! — деген болатын.

Осыны естіп алған Айжан ойында Дина қолдарының қыймылып, әрбір қозғалысын, домбыра ішегін қағу әдістерін байқау да бар. Дина қолына домбырасын алғанмен күй тарта қойған жоқ. Домбыраның құлағын, тиетін, пернерлерін қарап көп отырды. Өлден уақытта барып, Айжанға қарап:

— Сен ұйықтамай әлі отыр ма едің? — деді.

— Көзім ұйқым келмейді. Күй естимін.

— Түсіне алсаң, тыңдап қара! — деді де домбырасын шертте жөнелді.

Домбыра ішегінен төгіліп шыққан тәтті үн көкке созылған жоқ. Білт тоқтап, бір дыбысын қайталай берді. Өлденеше рет қайталанған тәтті үн Айжан күй-



Алматыдағы 18-мектептің домбыра оркестрі Динаның «Сталин туралы күйін» орындап отырған кезі.

лағына да жағып кетті. Ол жалықпай тыңдай берді. Аздансоң екінші бір сарынды үнге ауысып, оны да тынымсыз қайталай берді.

Күй құрамының бір ноталы бөлігін домбыра құлағын босатып жіберіп қайта-қайта шертіп, біресе баяулаған жай сарынмен, бірге домбыра құлағын қатты бұрап, шыйратып қойды да тырыс-тырыс шертіп отырды. Бірде аршындап төгілген күйдің бастамасы сыяқты, бірде сызылтып салған ән орамының кайырмасы ғана сыяқты естіледі.

Кейде күңгірлеп барып, сыңғырлап шыққан әдемі үнге құлағын тосып отырған қыз мұның нендей күй екенін түсінген жоқ. Құлаққа жағымды, жүрекке жылы сұлу үн домбыра ішегінен төгіліп жатыр. Айжаның мөлдір қара, аумақты келген ботакөзі жау-таңдап, ұзын қара кірпігін қос-қосынан қағып, Динаның ішекті шерткен еті қашқан салалы саусақтарына қайта-қайта телміре қараумен болды. Ол қарап отыр. Ол өткен ғасырдың шерлі мұңын көп шерткеп, ашулы аңы зарын домбыра үнімен жеткізген, бүгінгі алтын дәурен, шат заманның шалқыған күйін безеген ана саусағынан төгілген сазды тыңдап, көне қолдың шеберлігіне қарап отыр. Ол кейде кірпік қағуында тоқтатып, Динаның тынымсыз қозғалған саусағына бедірейе тесіліп, — телміре, кейде демін ішіне тартып тұнжырай қарайды. Кейде кірпігін қағуды да тоқтатып күлімсіреп ғана қарағандай болады. Бұл кезде оның жастық жалынды, үлбіреген қонырқай қызыл жүзінен шаттық, бақыттылық, қуаныш нышаны от жайнап, балбырап қана отырғанын көресін. Өзіне түсініксіз болса да, сұлу саздың ағынды ыстық лебі оның кіршіксіз таза жүрегін ақырын ғана қытықтап, жан жүйесіне терең бойлап, қанына сіңіп, аналық мақаббаттын үнін-жылылығын қабылдап жатыр.

Дина аз тыныстан, тағы да бір мелодия напшын төгіп-төгіп жіберді. Бұл Айжанға әлгі күйдің қайырмасы сыяқты көрінді. Ана мұны да әлде неше қайыра тартты. Күй қайырмасының ағынлатып барып, безеп-безеп жіберген орамынан кейін Дина Айжанға бұрыла қарап:

— Сен түсіндің бе? — деді.

Айжан не деп жауап берерін білмей, алмадай беті қызарып төмен қарады. Ол түсінбедім деуге шексіз құрметті көретін ана көңілін қыймады, түсіптім десе ұққаны не? Оның ботакөзі жауаппа, саусақтарын орынсыз, ойсыз жыбырлатып, Дина үстіндегі кенегекті қызыл масаты шапанның жерге сүйретіліп жатқан зерлі шалғайын қолымен ұстай берді.

Айжанның Динаға берер жауабы қайсы, айтары не? Махаббат, алғыс, сүйіспендік, аналық жылылық үні сыяқты сұлу сазды тыңдағаны, құмарта, зор ынтамен қызығып тыңдағаны рас. Ана жүрегін жарып шыққандай жалынды, ыстық лебін кімге арнап еді. Бұл алғыс үні сүйікті, жақсы көрген асыл ұлына арналды ма, жоқ басына бақыт таңының нұрлы шырағын жаққан ардақты Сталинге арнап тартылды ма, оны Айжан кесіп айта алмады.

Айжанның жауапқа кідіре бергеніне көп төзе алмаған ана әлгі сұрауын қайталап айтты. Бұл Айжанға қатты батқан еді.

— Сен түсінбеген екенсің. — деді Дина — түсінбесен түсінбе, бірақ, үні жақсы ма, әлде жамап ба? Жаңағы дыбыс саған ұнай ма... Оны да айта алмайсың ба?...

Айжан әлгі тартылған күйдің бөлшегінен талай үннің әсем дыбысын — өзінің жүрек дүбірі сыяқты үнді іштей ғана ұққан. Ал, соны айтып беру бәрінен қыйын. Адамның жан сырын шертетіп жақсы өлең, тамаша поэзия үлгісін тілмен жеткізіп айтып беру, қандай қыйын болса, ал күүді айтып беру одан да қыйын. Күй-адам жүрегіннің дүрсілі, бір калыпты ырақпен қозғалуы ғана емес пе? Күй-адамның сөзбен емес, үнмен жеткізер сыры. Ол өзінің әсем үні арқылы адамның жан күйін, адал сырын, қуаныш қайғы-шерін шертеді.

Әлгі тартылған үннен Айжанның ұққаны шаттық мелодиясы ғана еді. Дина саусағы шексіз махаббат, ұласқан қуаныш үнін ғана шығарып, Айжанның жас жүрегін ражап дыбысымен қозғап, ананың балаға деген әлдімен тербеп еді. Бұл ана мен бала арасындағы тіл жеткісіз сыр сыяқты терең үн еді, оны Айжан

қайдан сөзбен айтып берсін. Ана тілі деген үнсіз тіл. Бұл тілдің сырын ол жеткізе алар ма!

— Сен, әрине, түсінген жоқсың. Бұл бұрын-соңды тартылып жүрген күй емес. Жаңа күйдің басы ғана. — деді Дина, жаңағы бөлек-бөлек дыбыстарды біріктіріп, қосып тартамын. Сен басынап аяғына дейін тыңлап көр!...

Дина домбыра құлағын қайта бұрап, тарта жөнелді. Домбырадан төгіліп шыққан әсем үннің қай нотасын қалай ұғуды біле алмай, аңыра түскен Айжанның ой-мақтай ауызы сәл кем ашылыққырап, жұп-жұқа еріні әнтек дірілдеп қалыпты. Ол ынтыға, жас балаша құмарлықпен тыңдап, күй сарынына ілесе берді. Оны бұл күй алға, бұдан да жарқын болашаққа мезгеп отырғандай — еркін ілесті. Күйдің кейбір орамы құбылтып салған сұлу әнге ұқсаса, екінші бір қайырмасы толғау, шарықтап көтерілу регестеріне жетіп, тереңнен шығып, қалықтап көтерілді.

Түннің ортасы ауып кетсе де, ұйқыны ұмытып, күй қызығына түсіп отырған Дина мен Айжан қуанышты шексіз еді. Әресе, домбыра үнімен тілдесіп, екі ішектен өзінің жүрек сырын, қуанышын, аналық алғысын шертіп отырған Дина көңілі тым көтеріңкі жүзі жарқын. Көкейге көптеп орнаған арманның орындалуы, жаңа күйдің құрамы қалыптасып, алғанды рет сыртқа шығуы шын сергітті, шаршау-шалдығуды естен шығарды. Бұл Сталин туралы күй еді.

Дина Айжанның бетіне қарап:

— Сен шаршаған жоқпысың, ұйқың келмеді ме — деді, алақанымен оның жібектей жұмсақ, көю қара шашын ақырын ғана сыйлап. Осы кезде, Айжанның көзі Динаның жүзіне түсіп еді. Оның әжімді жүзі тершіп, өңі бусанған, бойы сергек, көңілді екен. Тек ғана көзінің төңрегі қызарып, шаршаған белгісін көрсетіп тұр.

— Мен шаршаған жоқпын, — деді Айжан.

— Сен жатып ұйықта. Ертең сабағың да бар. Бұл күүді кейін саған үйретемін, сен Сталин туралы күүді тартатын боласың. Кәзір ұйықтап тынық, — деді ол Айжанға.

— А сіз ше?

— Мен әлі де аз отырамын.

Айжан төсекке жатқанымен көпке дейін ұйықтамай, Динаның бағанағы күүді қайталап тартқанын тағы да естіді.


Ұлы Сталин туралы жаңа күй осылай туған еді.

АҚЫЛШЫМЫЗ—СТАЛИН

Жапан тұз — қазақ қырында
Кең сарай—мектеп салдырған.
Балдай тәтті біліммен
Мейірімді қандырған —
Устазым менін Сталин!

Шат-шадыман өмірдің
Қызығын еркін көр деген,
Білімді, әрі өнерлі
Батыр бол да, жең деген
Ақылшым менің Сталин!

А. ИЗМАҒАМБЕТОВ,
Қызылорда облысы.



СТАЛИН ЖӘНЕ КІТАП

Марксизм-ленинизм классиктері К. Маркс пен Ф. Энгельс, В. Ленин мен И. Сталин — бүкіл адам баласының ұзақ тарихында жасалған ғылым мен мәдениет мұрасын тесіле зерттеп, коммунизм үшін керектісін таңдап-талғап тандап алуды жас шақтарынан бастап тамаша еңбек еткен адамдар.

К. Маркс: «Кітап — мәңгі құлым, маған қызмет етеді», дейді екен. Ол «Капитал» атты атакты кітабының бірінші томын ғана жазу үшін 1500 кітап оқып шыққан. Ф. Энгельстің білімділігіне тандаған Маркс «Ол шын мағынасындағы энциклопедия» деп бағалапты. Басқасын былай қойғанда, Ф. Энгельс 20 халықтың тілінде кітап оқып, шығарма жазып, таза сөйлей алатын болған.

В. И. Ленин гимназияда оқып жүрген кездерінің өзінде-ақ Маркс пен Энгельс шығармаларын оқып, болашақтағы ұлы күрестің қиын жолдарын меңзейді. Ағасы Александрды патша өкметі дара тартқанда, 17 жасар Ленин: «Біз ол жолмен жүрмейміз. Ол жолмен жүруге болмайды» депті. Ленин шет елдерде құғында жүріп талай қаланың кітапханасындағы кітаптардың өзіне керектісін оқып, тауысып кетіп жүрген. «Империализм туралы дәптерлерінен» тек 1916 жылдың өзінде, тек империализм мәселесіне байланысты 148 кітап, 232 кітапша және мақалалар оқып шығып, керек деген пікірлерін жазып алғандығын көреміз. Ленин өзінің ұстазы К. Маркс пен Ф. Энгельс шығармаларын бірнеше рет қайталап оқыпты болған. Кейде бір қиын мәселеге кездесіп қалғанда, «Маркс пен Кеңесейін» дейді екен.

Ұстаздары К. Маркс, Ф. Энгельс, В. Ленин сыяқты И. Сталин жолдас жас шағынан кітап оқуға беріліп,

көп ғылымның әр саласын терең зерттейді. Иосиф Виссарионович Горькінің рухани училищесінде оқып жүрген кезінде қала кітапханасының кітабын тегіске жуық оқып шығады. Ол жолдастарына:

«Кітаппен дос болу керек. Адам сусыз, ауасыз, күнсіз өмір сүре алмайды. Сондай-ақ, біз кітапсыз өмір сүре алмаймыз,» дейді екен.

И. В. Сталин 15 жасында, Тбилисидің рухани семинариясында оқып жүріп, Маркстің «Капиталды» қандайлық қиыншылық жағдайда оқығандығы туралы И. В. Сталин өзінің М. Чиаурелимен әңгімесінде былай депті:

«Тифлисте жұртқа мәлім кітап сатушы болатын. Менің семинарияда оқып жүрген кезім. Біздің марксистік үйірмеміз болатын. Кітап сатушы негізгі кәсібіне қосымша халықшылық бағытта жазылған өзінің арзан кітапшаларын бастырып шығаратын. Маркс «Капиталының» бірінші томының бір данасы бір себептермен соның қолына түсіпті. «Капиталды» оқуға құмартушылардың көптігін ескеріп, кітапты сатпай, аралдайтын болыпты. Бір оқып шығуға төлейтін ақша аса қымбат еді. Біздің үйірмеміз тыйындап қаржы жыйнадық. Өзі аз қаражаттан көп ақша бөлу бізге қиынға түсті. Мына халықшылық «сағартушылық» саясаты бізді кейітті де.

Ақырында аңсаған томды қолға түсіріп, қайтару мерзімінен үш күн асырып жібердік. Кітап сатушы қосымша күн төлеуді талап етті. Біз төледік. Бірақ, «Капиталдан» айрылып қалғандығын көргенде, не істерін білмей, қатты кейітті.

Біз оған «Капиталдың» қолжазба томын көрсеттік».

Семинарияда жүрген кезінде (1894—1899 жылы) Иосиф Виссарионович революциялық күрестерге байланысты көркем шығармаларды да көп оқыды. Виктор Гюгоның «Теңіз тепкісіндегілер», «93» атты романдарын оқығандығы үшін семинария түрмесіне де түседі.

Герман социал-демократы, Маркс пен Энгельстің досы В. Либкнехттың «Зерттеп үйрену, үгіттеу, ұйымдастыру керек» дейтін сөзі революционерлердің ұраны болу керек деген пікірді В. И. Ленин үнемі ескертіп отырады екен. И. В. Сталин адам баласының азаттыққа талпынған күресін көрсететін кітаптарды оқып ғана қойған жоқ, ол сол кітаптардан алған білімін жұмысшылар бұқарасына жеткізіп отырды.

И. В. Сталин 1902 жылы Батум жұмысшыларының саяси үйірмелерін басқарып, көтеріліске дайындайды. Сол үйірмелерде болған жұмысшылардың айтуынша И. В. Сталиннің үйірме басқарудағы ерекше әдісін көреміз. Ол үйірме мүшелеріне: «Біз неге кедейміз?», «Бізде ақшаның жоқ болуының, сәудегерлер мен фабриканттарда көп болуының себебі не?», «Неге біз правосызбыз?», «Өмірді қалай өзгертуге болады?», «Правосыздық пен кедейлікті қалайша жоюға болады?» деген тәрізді сұрақ қояды екен. Жұрттың жауабын тыңдап болып, ең соңында өз пікірін айтатын болған.

1903 жылы Кутаиси түрмесінде Сталинмен бірге болған жұмысшылар — Варден Чхадзе, Дзуку Лолуа Сталиннің түрменің қатал тәртібінде отырып революцияшыл үгіт жүргізуді тоқтатпағандығын айтады.

«Ол тұтқындарға газет, журнал, кітаптар оқып беріп, әңгімелер айтатын. Түрменің өзі университет тәрізді болып кетіп еді... «Түрмеден дайындығы мол, шыйырақ ұйымдастырушы болып шығу үшін, мұнда жұмысты бұрынғыдан екі есе артық істеу керек» дейтін Сосо жолдас».¹

И. В. Сталиннің түрмеде отырып марксизмді үгіттеуші болғандығы жөнінде М. Чнаурелидің еске түсіруінде Сталиннің мына бір әңгімесі келтірілген:

«Бұл оқыйға Батум түрмесінде болған еді, — дейді Сталин жолдас. — Тұтқын Джохадзені алып келді. Ол орта бойлы, дембелше келген, қайратты, жас большевик еді. Джохадзе маған «Коммунистік манифест»

* Сталин жолдасты жас кезінде жерлестері Сосо деп атаған.

пен» — грузин тілінде таныстыр деп қолқа салды. Камералар жақып болғандықтан көршілерім естісін деп мен өз камерамда отырып даустап оқып бастадым.

Бір күні менің бір «лекциям» кезінде коридорда келе жатқан адамның тыңқыры естілді. Мен лекцияны тоқтаттым. Кенет:

— Неге үндемейсіз? Сөйлей беріңіз, жолдас! — деген дауысты естідім. Мен темір торлы терезеден сығаладым. Сөйлеңіз деп тұрған күзетші — солдат екен».

И. В. Сталин октябрь революциясын ұйымдастырудағы, совет өкіметін орнатудағы, азамат соғысын басқарудағы В. И. Ленинмен бірге өткізген ауыр күндерде де үнемі ірі еңбектерін жазып отырды. Ол елімізде социализм жеңу күресін басқарып отырған кездерінде де ғылым мен әдебиет жаңалықтарын үзбей оқып, үнемі бақылап отырды. 1938 жылы генерал-майор Савченко «Красная Звезда» газетінде мақала жазып, өзінің Сталинмен кездескендегі әңгімесін баяндады.

«Біз Иосиф Виссарионовичтің үйіне бардық. Біздің назарымызды аударған жыйнаулы тұрған жаңа шыққан көп кітап болды. Олардың ішінде тоқыма өнері, тері илеу ісі, соғыс тарихы туралы кітаптар, көркем әдебиет шығармалары бар еді.

— Иосиф Виссарионович, Сіз мыналардың бәрін қалай оқып шыға аласыз? — деп сұрадық.

— Қызмет қанша ауыр болғанымен күніне бес жүз бетті қарап шығамын.

— Үлкен сыбаға екен, Иосиф Виссарионович.

— Оқасы жоқ, маған үйреншікті. Мұны мен түрме мен айдауда жүріп үйрендім. Көзірде маған аздаған қомашау болатын жағдайлар да бар, бірақ, үлгіремін.

— Сіздердің де көп оқуларыңыз керек, — деп, біздің әрқайсымызға бір-бір кітап берді.

И. В. Сталин совет жастарын үнемі білімге ұмтылуға, асқан төзімділікпен, қажырлылықпен оқуға шақырып отырады.

Данышпан көсемдеріміз Ленин мен Сталин тәрізді білім алып, көп оқып, көп білуге, халқымыз үшін қалтқысыз қызмет етуге талаптану — әрбір совет жасының ең ардақты борышы.

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.



ТҮЗЕТУ

9 беттегі «Академик В. Р. Вильямс» деген мақаланың екінші бағанасының он бірінші (төменнен жоғары қарай санағанда) жолы баспахананың кінәсінен ауысып түскен. «Мен берілген көптеген күрескерлердің өмірі қурбанды...» деген бұл жол, сол бағананың он бесінші жолы «жарқын болашақ жолындағы революция жан-тәні...» деген жолдың жалғасы болып, және сол мақала тақырыбының астындағы цифрлар — (1863 — 1939) — деп оқылсын.

Халық жыры-Сталин

Отанымыздағы Сталин туралы шырқалған өлең-жырлар халықтардың ұлы көсеміне, ұстазына, досына, қолбасшысына асқан зор сүйіспеншілігін, шексіз берілгендігін көрсетеді.

Сталин — бүгінгі Ленин. Сталиннің халық творчествосындағы орны да осындай. Оның сүйікті есімі ұлы Лениннің есімімен қоса аталады.

«Біз Сталиннің соңынан ергенде Ленинге ергендей боламыз. Сталинмен сөйлескенде Ленинмен сөйлескендей боламыз; ол біздің барлық ой-пікірімізді біледі, өз өмірінің өн бойында ол бізге қамқорлық істеп келеді», — дейді орыстың тамаша халық хикаяларының бірі.

«Ақылымыз, жанымыз, жүрегіміз,
Қыялымыз-ойымыз, тілегіміз.
Өткен күнде сүйенген тірегіміз,
Келер үміт — бәрі де бір өзіміз» —

дейді грузин жыршысы Кадагидзе. Бұл бір ғана жыршының сөзі емес, бүкіл еңбекші адам баласының жан сыры.

Данышпан көсеміміз ұлы Сталиннің есімі әр бір совет адамына дәл өзінің жүрегіндегі жақын, жанындай ыстық. Ұлы Сталин Отанымыздың астанасы — Москвада, Кремльде ғана емес, біздің адамдардың әр қайсысының жүрегінде тұрғандай.

Көсемге деген осындай асқан махаббат әр тілді, бір тілекті совет халқының сүйкімді әніне, әсем жырына, әр алуан аңызына айналды.

Байтақ Отанымызды аралай қалсақ: Кавказдың шыңына барсақ та, Қазақтың қырына келсек те, Украинаның даласында болсақ та, Балтықтың жаға-

сында тұрсақ та... Сталин жолдастың ардақты есімі алдымыздан шығады. Аса мейірім, асқан сүйіспеншілікпен аталады.

— Сталин!

Міне, осы алты әріптен құралған бір ғана сөз ел аузындағы ертегіге айналған.

Көсемнің атына байланысты айтылған аңыз, толған жыр ұшан-теңіз. Ұлы Сталин жүзге жеткен Жамбыл қарттың да жүрегін тебентті, шаттық жырына арқау болды:

Бақытты тұрмыс орнатып,
Көрсеткен өмір ұшпағын.
Теңдікті берген қолыма,
Кеңіттің өмір қыспағын.
Лениншіл ұлы Сталин.
Халыққа беріп азаттық,
Ақылынды күндеген,
Ішінен күйсін дұшпанын!

Өркенің өссін көп жаса,
Халықтың жарық сәулесі,
Адамның досы Сталин» — деп

Жамбыл жырлап, бүкіл ел атынан Сталин жолдасқа рахмет айтып, оның өмірінің ұзақ болуын тілейді.

Барсаң егер Москваға, ұшқан күс,
Сталинге, бізден сәлем ала ұш.

Жан-жүректен сізге сәлем айтты де
Еркін Кавказ, ерікті шың Эльбрус» — деп.

Кавказ бауырынан Армян ашугі жыр толғап, ұлы жанға ұшқан құстан сәлем жолдап, халық махаббатын білдіреді. Әр жерде, әр тілде, әр жүректен шыққан осы жырлар бір жерге, бір үнге, бір тілекке келіп ұласып жатыр.

Сталин жолдас туралы

Армян ашугінің *) жыры

Барсаң егер Москваға ұшқан күс,
Сталинге бізден сәлем ала ұш!
Жан-жүректен сізге сәлем айтты
де,

Еркін Қавказ, ерікті шың Эльбрус!

Құтқарған сол қыспағынан патшаның
Шенгелінен дашнак-муссаваттардың.
Армян, курды, түріктердің сәлемін,
Үмітіміз Сталинге айт, жаным!

Жолыменен Лениндей ұстаздың,
Оқ пен оттан сақтап қалған Сталин.

Жарлы-жалшы, кедей-малшы — өтінед,
Сталинге сәлем жеткіз құстарым.

Сұм патшадан — аждаһадай көрінген —
Сақтаған сол — аштық, азап, өлімнен.
Сталинге, — әкемізге сүйікті,
Мың сәлем айт армяндардың елінен.

Біреу емес, — бір туысқан барлық ел,
Тек ел емес, — масаты жер, шалқар көл;
Ұлы Сталин, сізге сәлем айтты де,
Қябардан қарт колхозшы Аракел.

Аударған Зейнолла Қабдолов.

* Ашуг — ақын, жырау.

Сталин туралы жыр

Николай Фролов, коми ақыны

Кеменгер, дана, досымыз әрі
Жырлаған барша әр түрлі халық
Осы бір жырды тыңдайды бәрі,
Терістік, түстік, айызы қанып.

Күн қайдан шыкса бөленіп нұрға,
Қай жерден батса алтындай жайнап,
Қосылар бәрі осы бір жырға,
Жүздеген тілдер түс-тұстан сайрап.

Жауынгер досқа берген ол жігер, —
Жатқанда талып, ала алмай тыныс.
Жекпе жек келсе, ерлерім егер,
Жырды айтқан осы — бейне бір құрыш

Жүректер тулап, десе: біз жеңдік,
Құлпырса қала, салынса жаңа үй,

Еңбекте халқым көрсетсе ерлік, —
Естиміз осы жырды біз ылғый.

Уйымшылдықпен тартып бір күйге,
Көңілді, барған жұмыстан таңғы,
Жырымызды айтып, қайтамыз үйге, —
Баскадан бұл жыл әсерлі, сәнді.

Сонау бір жаққа, шет елге жылдам
Таратады ол тамаша хабар.
Естісе кімдер ғажап бұл жырдан
Жүрекке жылы, бір рахат табар.

Жүрегі оның — Сталин дана,
Айтамыз ылғый осы бір әнді.
Нұр төгіп бізге Сталин ғана,
Жарқырап тұрар жұлдыздай, мәңгі.

Аударған Аманжол Шамкенов.

Сталин

Грузин жыршысы Кадагидзенің жыр

Еңемеймін мен саған — таудан
аққан
Арагва өзенін толқын атқан.
Еділді де еш қашан теңей алмап,
Тұңғыйық; іштен тынып үнсіз жатқан.

Теңемеймін тағы да Қазбекке,
Аппақ басын тіреген торғын көкке.
Таудан асқан, бұлт басқан шың емессің
Қыйыр шетте бір өзі — тұрған текке.

Аспанменен астасқан шалқар айдын;
Мүмкін мұхит боларсың—сен—ақжайқы.
Яки бір күдіретті дауылмысың,
Биігінен шүйліккен Сперозайдын.

Яки қыранбысың шында жүрген,
Қуатты канатыңмен көкті тілген.
Жарық күнді жайната жарқ еткізіп,
Ыдырата тұманды, бұлтты түрген.

Оқ пен отта, — өмірдің түнегінде,
Жанып тұрды бар үміт бір өзінде.

Уя салдың өзіңе мәңгілікке,
Талай мың — миллионның жүрегінде.

Бір өзің — барлық жанның көзін ашқан.
Бір өзің — санамызға шырақ жаққан.
Бір өзің — жанымыздың отты күші,
Бір өзің — үмітіміз жалын атқан.

Дүниенің тұтқасы — сенсің асқар.
Саған ғана сүйенді замандастар.
Бар қасиет — бойдағы күш-қуатты,
Сен ғана өрге сүйер, алға бастар.

Ақылымыз, жанымыз, жүрегіміз,
Қыялымыз-ойымыз, тілегіміз;
Өткен күнде сүйенген тірегіміз,
Келер үміт — бәрі де бір өзіңіз.

Елімізге арайлы таң боп атқан;
Өрге тартып өмірді бара жатқан
Өзіңді «ең болмаса бір көрсем» — деп—
Арман етед мал баққан, пішен шапқан.

Аударған Зейнолла Қабдолов.

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМЫЗҮШІН СТАЛИН ӘКЕМІЗГЕ ҮЛКЕН РАХМЕТ!

Шын жүректен

Біздің алтауымыздың да әкелеріміз Ұлы Отан соғысының майданында халық үшін ерлікпен қаза тапты. Біздер қаршадай күнімізден аналарымыздан да айрылып, жетім қалдық. Бірақ біздің Отан деген мейрімді анамыз бар екен. Сол ана бізді өзінің кең құшағына алды. Бәріміз де жақсы тәрбие орны—балалар үйіне ендік. Біздің әрқашанда үйіміз жылы, киіміміз бүтін, тамағымыз тоқ-ешбір мұқтаждық көрмей есіп келеміз.

7 жастан оқуға кірдік. Алдымыз 6-класта, кенжелеріміз 3-класта оқыймыз. Алтауымыз да оқу озаттарымыз.

Сабақтан тыс уақытта түрлі үйірмелерде алуан-алуан өнермен шұғылданамыз. Біріміз фотографиямен, біріміз кесте тігумен, екіншілеріміз сурет салумен, көркем әдебиетпен әуестенеміз.

Мұндай бақытты балалық шақ орнатқан да, бізді әлпештеп өсіріп отырған да — өзіміздің қамқоршы атамыз ұлы Сталин екенін жақсы білеміз. «Ертең әлдеқалай боламыз» — деп біз еш уақытта уайым жемейміз. Өйткені біздің берік тірегіміз бар. Ол — ұлы Сталин! Сол кісіге осындай шаттық өмір бергені үшін жүрегіміздің шын алғысын жеткізіп айтып беруге тіліміз жетпейді.

Бүгін ұлы атамыздың 70 жасқа толған тойы күні бақытты балалық шақ үшін көсемімізге мың рахмет айтамыз. «Сіздің алдыңыздағы, Отан алдындағы борышымызды адал ақтайтын іскер азаматтар болып өсеміз!» — деп серт береміз.

Алматыдағы 3-балалар үйінің тәрбиеленушілері:

Клара Бақтыбаева, Лилия Снеговская,
Вера Александровна, Лилия Абдрахманова, Болис
Жолпашева, Фаза, Хитменко

Ұлы күн


Бұл күнге біз ерте дайындала бастадық. Әрбір пионер, әрбір оқушы көсемге деген сүйіспеншілігін бұл күні өз өнерімен, сыпайы тартуымен білдірмекші. «Ұлы Сталиннің бізге жасаған әкелік қамқорлығына жауап ретінде, өзіміздің бестік және төрттік бағаларымыздың санын бұрынғыдан да көбейте түсеміз» — деді олар. Кәзір оқушылар мектептегі сабақ үлгеруін былтырғыдан жақсартуға ұмтылуда.

...Кәзір пионер бөлмесін ерекше сәндендіріп жатырмыз. Данышпан адамның халық иглігіне арналған тамаша өмірнің әрбір кезендерін баяндайтын суреттер мен олардың түсініктері қабырғаларға ілінетін болды. «Сталин туған жерде», «Сталиннің Кавказдағы революциялық қызметі», «Сталин — ұлы революционер»,

«Ленин мен Сталин», «Сталин — халықтардың кемеңгер көсемі», «Ұлы қолбасшы» және т. б. тақырыптарды бөлмеге кірген кісі басынан аяғына шейін бір оқып шығатын болады.

Бөлменің төрінде Сталин жолдастың мәрмәрдан кұйылған бейнесін қойдық. Бейненің төңірегін пионерлер әкелген алқызыл гүлге бөледік. Ортадағы үлкен столға совет жазушылары мен ақындарының Сталин жолдасқа арнаған шығармалары қойылады.

...21 декабрь күні мектепте үлкен концерт беріледі. Жырда ұйымдасқан домбыра оркестрі Динаның «Сталин туралы күйін», «Кеңес», «Балбырауын» күйлерін жақсы орындайды. 30 кісілік хор «Сталин туралы жыр», «Жасасын Сталин» деген әндерді айғады.



Алматыдағы 3-балалар үйінің тәрбиеленушілері. Бірінші қатарда (солдан оңға қарай) — Лилия Абдрахманова, Клара Бақтыбаева, Вера Снеговская, Нелля Мелешкина. Екінші қатарда (солдан оңға қарай) — Батырхан Габдуллин, Болат Шыңқұлов және Еркін Құсайынов.

Мен кәзір сегіздемін. Быйыл тұңғыш рет мектеп есігін аштым. Менің бұрын өзіммен бірге ойнайтын 2—3—ақ жолдасым бар еді, кәзір бір түгіл, 34 жолдасым бар. Олардың бәрі өзіммен сабақтас, менімен бірге оқыйды. Көп баланың ортасы сондай көңілді болады екен. Қарт мұғалім Абдулла Мұстабаев бізді мектеппен таныстырды. Оның әңгімесінен 1934 жылы осы мектепте Сергей Миронович Кировтың болғандығын естіп білдік. Мұғалім:

— Кировтай нағыз білімді, ақылды адам болу үшін үздік оқу — әрбір оқушының бірінші міндеті! — деді.

Кәзір екінші тоқсан аяқталуға жақын. Мен бұл екі ай ішінде едәуір білім алдым.

Көп жаса, ата Сталин!

Бөбегіндей өзінің,
Жанарындай көзінің
Сақтап, бізді сүйеді,
Туған әкем өзімнің.
Жетпіс жасқа толғанда

Кәзір 1 ден 10 ға дейін жаққа санай білемін, сол сандарды дәптеріме жаза аламын. Осы уақыттың ішінде әліппедегі барлық әріпті жазуды үйрендім. Әріптерді үйренген соң ең алғашқы жазған сөзім:

— СТАЛИН!

Әуелгі күндерде партада дұрыс отыра алмай, қарындашты дұрыс ұстай алмай, қаламмен жазсам, қолымды да, дәптерімді де сыя қылып жүруші едім. Енді партада дұрыс отырамын, қалам мен қарындашты дұрыс ұстаймын. Бұдан былайда үздік оқый беремін.

Рақат Зәйткенова,
Жамбыл ауданы. Киров бастауыш мектебі.

Бестігіммен сый тарта:
— Біз үшін, — деймін, — көп жаса,
Қамқоршымыз ұлы ата!
Микеш КӘРІМОВА,
Алматы, 12-қыздар мектебі.

Вологдада

Иосиф Виссарионович Сталин 1911 жылы Вологдада тұрды. Оны бұл араға жер аударған патша. Сталин жолдастың патшаның қызылары ізіне тіміскілеп түседі. Сол жылы сентябрь айында Сталин жолдас Вологдадан жасырын Петербургке кетеді. Ол бұл жерде тағы да тұтқынға алынып, қайтадан Вологда губерниясына жер аударылып келеді. Көп ұзамай-ақ Вологдадан да іркілместен қашып кетеді.

Золотуха өзенінің арғы жағасындағы осоавиахим көшесінде Сталин тұрған ағаш үй осы күнге дейін бар. Бұл үй салтымен, ескіше салынған екі қатарлы үй.

Кәзір бұл үй музей.

Біздер баспалдақпен жоғары көтерілдік. Міне Иосиф Виссарионович тұрған күңгірт кішкентай бөлме. Мұндағы бұйым шамалы. Тек болғаны үстіне жөндеу сұр

көрпе жабылған жіңішке кровать, стол, орындық тұр. Стол үстінде кітаптар жатыр. Осындай бөлмеде біздің ұлы көсеміміз тұрды дегенге өзің сенбегендей боласың. Біз ашық тұрған есіктен ынтыға қарап тұрмыз, біздің әрқайсысымыздың жақсылап көріп, үй ішіндегінің бәрін есте тұтқымыз келеді.

Бұл жерде Сталин жолдас революциялық жұмысты тоқтаусыз жүргізген. Ол мұнда көп жазып, көп оқыған.

Бұл серуен біздің сүйікті көсеміміздің өмірін толығырақ білуімізге жәрдемдесті. Біз, оның қандай қыйын жағдайларда қызмет істегенін көзбен көргендей болдық.

Звеновожатый
Радик ШАТИЛОВ,
Вологда қаласы, 13-мектеп.

Жамбыл. Өмірдің қайнар булақ көзі — Сталин.

Сүйікті әкеміз Сталин 70 жаста! 2

С. Михалков. — Көсем есімі (өлең). 3

Х. Ергалиев. — Ақылшым менің — Сталин. 4

Т. Абдрахманов. — Совет балаларының ең жақын, ең сүйікті досы. 5

Б. Галич. — Ұлы достық. 8

Ә. Жәңгелдин. — Заманымыздың көрегені. 10

Н. Бобров. — «Сапар оң болсын» (романнан үзінді). 14

С. Бақбергенов. — Көсем туралы күй. 15

А. Ізмағамбетов. — Ақылшымыз Сталин (өлең). 18

Қ. Жармағамбетов. — Сталин және кітап. 19

Халық жыры — СТАЛИН. 21

Бақытты балалық шағымыз үшін Сталин әкемізге үлкен рахмет. 23

М. Кәрімова. — Көп жаса, ата Сталин (өлең). 24

Мұхабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор) Қ. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 10/XII-1949 г
УГ08467. Объем 3 п. л. Тираж 7.500

Гостипография № 3 Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР
г. Алма-Ата Заказ № 1000

Нарымдағы үй

(Жорық дәптерінен үзінді)

Міне біз Нарымға да келіп жеттік. Бұған келер күнді қашаннан асыға күткен едік.

...Қораның ескі кіші есігінен біз қора ішіне кірдік. Тура барып қара көлеңке сепекке ендік. Мұнан үй кожасының әйелі Ефросинья Ивановна Алексееваның аспіретін бөлмесінен өтіп, Иосиф Виссарионович тұрған бөлмеге келдік.

Үйдің іші сол 1912 жылғысынан өзгермеген, сол күйінде.

Есіктің оң жағында ағаш төсек бар, жер аударылып келген бір революционер жатқан екен. Бұл төсектің қасында ескі орындық тұр. Оң жақ қабырғадағы екі терезенің арасында стол тұр, оның үстінде самауыр бар. Ал бұрыштағы үшкіл столдағы шамның шөлмегінің жоғарғы жағы кетік. Енді бізге қарсы тұрған екі терезенің арасындағы шағын столда отырып, Сталин жолдас қызмет істеген екен.

Анау сол жақ қабырғадағы ағаш төсектің үстінде сабан матрац жатыр. Үстіне жөндеу көрне жабылған. Бұл Сталин жолдасының төсегі болған екен.

Үйдегі барлық болғаны осы.

Бұл Нарымға Иосиф Виссарионович 1912 жылы Петербургте тұтқынға алынғаннан кейін жер аударылып келіп, сол жылдың сентябріне дейін осы үйде тұрған.

Тұрғандар бізге Сталин жолдасының бұл жерден қалай қашып кеткенін айтты.


Ол 1 — сентябрь күні кешінде осы үйдің екі баласы — Яков пен Павелге мені қайыққа мінгізіп, кеме тоқтайтын жерге жеткізіп тастандар дейді.

Олардың айтуынша, Сталиннің қара көйлегі, плащы және қолында ұстаған түйіншігі бар екен. Иосиф Виссарионович кеме тоқтайтын жерге жетісімен-ақ қалың жолаушының ішіне кіріп, көзден ғайып болады.

Соның ертеңінде таң сәрінен Алексееваның үйіне жандарм жетіп келеді. Ол дереу тінту жүргізеді, бірақ бұл кезде Иосиф Виссарионович ұзап кеткен еді. Ол Петербургке келген бетте кідірмей-ақ революция жұмысына тағы да қызу араласып кетеді.

Нина Абраменко,

Томск облысы, Семилужень балалар үйі.



И. В. Сталин жолдасының Гори дегі туған үйі. Бұл үй қазір музей және мәңгі сақталу үшін сыртынан павильонмен қоршалған.

Сталиннің туған жері — Гориде

Тақтай басналдақпен жоғары көтеріліп, мен кішкентай үйге кірдім. Иосиф Виссарионовичтің туып, балалық шағын өткізген үйі осы болатын. Сол себепті ыстық сезім менің бойымды билеп, жүрегім лүпіл қағады.

Осы кезде Ленинградтан келген делегация мүшесі — менің жолдасым Гена Штокаловтың қойын дәптеріне ескерткіш тақтадағы сөзді көшіріп, жазып алып жатқанын көзім шалды. Я, өмір бойы есте сақтау үшін осының бәрін жазып алып, ойға түйген жөн!

Бұл шағын үйде екі бөлме бар: оның бір бөлмесінде үй иесі тұрған, екінші бөлмесін Джугашвилидің семьясы жалдап алған. Бұл бөлменің іші тіпті жұныны: ондағы бары дастарқан жабылған жайдақ стол мен сырсыз төрт орындық. Стол үстінде су құятын қоңыр түсті көзе, жез шам тұр. Кішкентай Сосо сабақ қарағанда осы шам жанында отырған болар, — деп ойладым.

Сол жақта кенеп жапқан ағаш кровать бар екен. Қабырғада екі шкаф қойылған: оның бірінде ыдыс-аяқ, екіншісінде күндіз төсек орын жыйналады екен. Қабырғада барқыт башмақ ілулі тұр, бұған Сталиннің шешесі — Екатерина Георгиевна инелерін шаншыл, жіптерін сақтайтын болса керек.

Нап салатын қобдүй, Джугашвилидің семьясының бар бұйымы сыятын бір әбдіре бар.

Екінші жақ қабырғадағы кішкентай столдан сары самаурын, ыдыс-аяқ тегенеше, Сосоның әкесінің стаканы және бір айна көрдік.

Бәрі де мұнтаздай.

Үй шатыры аласа. Шатырды жауын-шашын бүлдірмеу үшін оның үстінен мәрмәр мен граниттан қалаған павильон салынды. Үй айналасы бақ, бақтың ішінде алқызыл гүлдер, көк орай өсімдіктер өседі.

Мен, Улы Сталиннің осы туған жерін көруге көптен ынтық едім. Мен енді осы шағын, жұпыны үйді көріп тұрып, халқымыздың — ұлылы, кішілілердің — Сталин жолдасы өзінің ең жақсы досы деп атап, өздерінің өміріндегі үлкен өзгерісті оқыйғаларда бар ой дүниесі бұл адамға арналатынын осы жолы жете ұқтым. Біз, Ленинградтың балалары да қоршаудағы ауыр күндерімізде Сталинді ойлап, оның бізді ешуақытта есінен тастамайтындығына кәміл сендік.

Халқы қалаған көсем халқы да жақсы біледі және оны жанындай сүйеді. Оның өзі еңбекші семьяда туған, ол бала шағынан жұмысшылар мен шаруалардың өміріне қанық. Ол өзінің өмірін халықтың бақыты жолына арнаған.

Осынау кішкентай үйде-ұлы адам туған үйде болғанымда ұққаным менің осы еді.

Пионерка

ЖЕНЯ БРАУДЕС,

Ленинград қаласы.

БАҒАСЫ 1 сом.

1
ИМЯ ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБЛ. БУД. КЕ
1 12

ҰЛЫ СТАЛИНГЕ СЫЙЛЫҚТАР



Ұлы Сталин — дүниежүзі еңбекшілерінің ең сүйікті досы. Сондықтан да аяулы адамның атына қымбат тартулар бүкіл жер шарының түкпір-түкпірінен удайы келіп жатады.

Суретте: сол қымбат тартулардың бір тобы.

Ұлы Отан соғысындағы жеңісімізді бейнелейтін сыйлық

